

# Пайдаланушы нұсқаулығы

---

---

## ***Авторлық құқық және сауда белгілері***

### **Авторлық құқық пен сауда белгілері**

Seiko Epson Corporation. компаниясының алдын ала жазбаша түрде берілмеген рұқсатынсыз осы жариялымның ешқандай бөлігі қайта шығарылмайды, іздеу жүйесінде сақталмайды немесе кез келген формада немесе жағдайда, электрондық, механикалық, фотокошірмелеу, жазу түрінде берілмейді. Осы құжаттағы ақпаратты пайдалану мақсатында ешқандай патенттік міндеттер қарастырылмаған. Осы құжаттағы ақпаратты пайдалану барысында пайда болатын зақымдануға әкелетін нәтижелер үшін ешқандай жауапкершіліктер қарастырылмаған. Осы құжаттағы ақпарат тек осы Epson өнімімен пайдалануға арналған. Epson компаниясы басқа өнімдер үшін осы ақпараттың пайдалануы үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен техникалық қызмет көрсетілмеуі және нұсқаулары мұқият орындалмауы барысында (АҚШ елінен басқасы) жазатайым оқиға, өнімді қате немесе теріс пайдалану, рұқсат етілмеген өзгерістер, жөндеулер нәтижесінде сатып алушы немесе үшінші тараптың кесірінен пайда болған зақым, залал келтірілген өнімдер немесе шығындар үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен Негізгі Epson өнімдері (Original Epson Products) немесе Epson компаниясымен бекітілген өнімдер (Epson Approved Products) деп тағайындалмаған кез келген басқа опцияларды немесе тұтынушылық өнімдерді пайдалану барысында пайда болған ақаулар немесе зақым келтірілген өнімдер үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы Epson компаниясымен бекітілген өнімдер деп тағайындалмаған кез келген басқа қосылым кабельдерін пайдалану барысындағы электромагниттік әсер етудің нәтижесінде пайда болған кез келген зақым келтірілген өнім үшін жауап бермейді.

EPSON® — тіркелген сауда белгісі, ал EPSON EXCEED YOUR VISION немесе EXCEED YOUR VISION — Seiko Epson Corporation компаниясының сауда белгісі.

Intel® is a registered trademark of Intel Corporation.

Microsoft®, Windows®, and Windows Vista® are registered trademarks of Microsoft Corporation.

Apple, Macintosh, Mac OS, OS X, Bonjour and TrueType are trademarks of Apple Inc., registered in the U.S. and other countries.

Apple Chancery, Chicago, Geneva, Hoefler Text, Monaco and New York are trademarks or registered trademarks of Apple, Inc.

AirPrint is a trademark of Apple Inc.

Google Cloud Print™ is a registered trademark of Google Inc.

Monotype is a trademark of Monotype Imaging, Inc. registered in the United States Patent and Trademark Office and may be registered in certain jurisdictions.

Albertus, Arial, Gillsans, Times New Roman and Joanna are trademarks of The Monotype Corporation registered in the United States Patent and Trademark Office and may be registered in certain jurisdictions.

## Авторлық құқық және сауда белгілері

ITC Avant Garde, ITC Bookman, ITC Lubalin, ITC Mona Lisa Recut, ITC Symbol, ITC Zapf-Chancery, and ITC ZapfDingbats are trademarks of International Typeface Corporation registered in the United States Patent and Trademark Office and may be registered in certain jurisdictions.

Clarendon, Helvetica, New Century Schoolbook, Optima, Palatino, Stempel Garamond, Times and Univers are registered trademarks of Heidelberger Druckmaschinen AG, which may be registered in certain jurisdictions, exclusively licensed through Linotype Library GmbH, a wholly owned subsidiary of Heidelberger Druckmaschinen AG.

Wingdings is a registered trademark of Microsoft Corporation in the United States and other countries.

Antique Olive is a registered trademark of Marcel Olive and may be registered in certain jurisdictions.

Adobe SansMM, Adobe SerifMM, Carta, and Tekton are registered trademarks of Adobe Systems Incorporated.

Marigold and Oxford are trademarks of AlphaOmega Typography.

Coronet is a registered trademark of Ludlow Type Foundry.

Eurostile is a trademark of Nebiolo.

Bitstream is a registered trademark of Bitstream Inc. registered in the United States Patent and Trademark Office and may be registered in certain jurisdictions.

Swiss is a trademark of Bitstream Inc. registered in the United States Patent and Trademark Office and may be registered in certain jurisdictions.

PCL is the registered trademark of Hewlett-Packard Company.

Adobe, Adobe Reader, PostScript3, Acrobat, and Photoshop are trademarks of Adobe systems Incorporated, which may be registered in certain jurisdictions.

Getopt

Copyright © 1987, 1993, 1994 The Regents of the University of California. All rights reserved.

Redistribution and use in source and binary forms, with or without modification, are permitted provided that the following conditions are met:

1. Redistributions of source code must retain the above copyright notice, this list of conditions and the following disclaimer.
2. Redistributions in binary form must reproduce the above copyright notice, this list of conditions and the following disclaimer in the documentation and/or other materials provided with the distribution.
4. Neither the name of the University nor the names of its contributors may be used to endorse or promote products derived from this software without specific prior written permission.

THIS SOFTWARE IS PROVIDED BY THE REGENTS AND CONTRIBUTORS "AS IS" AND ANY EXPRESS OR IMPLIED WARRANTIES, INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, THE IMPLIED WARRANTIES OF MERCHANTABILITY AND FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE ARE DISCLAIMED. IN NO EVENT SHALL THE REGENTS OR CONTRIBUTORS BE LIABLE FOR ANY DIRECT, INDIRECT, INCIDENTAL, SPECIAL, EXEMPLARY, OR CONSEQUENTIAL DAMAGES (INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, PROCUREMENT OF SUBSTITUTE GOODS OR SERVICES; LOSS OF USE, DATA, OR PROFITS; OR BUSINESS INTERRUPTION) HOWEVER CAUSED AND ON ANY THEORY OF LIABILITY, WHETHER IN CONTRACT, STRICT LIABILITY, OR TORT (INCLUDING NEGLIGENCE OR OTHERWISE) ARISING IN ANY WAY OUT OF THE USE OF THIS SOFTWARE, EVEN IF ADVISED OF THE POSSIBILITY OF SUCH DAMAGE.

## Авторлық құқық және сауда белгілері

This code illustrates a sample implementation of the Arcfour algorithm  
Copyright © April 29, 1997 Kalle Kaukonen. All Rights Reserved.

Redistribution and use in source and binary forms, with or without modification, are permitted provided that this copyright notice and disclaimer are retained.

THIS SOFTWARE IS PROVIDED BY KALLE KAUKONEN AND CONTRIBUTORS "AS IS" AND ANY EXPRESS OR IMPLIED WARRANTIES, INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, THE IMPLIED WARRANTIES OF MERCHANTABILITY AND FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE ARE DISCLAIMED. IN NO EVENT SHALL KALLE KAUKONEN OR CONTRIBUTORS BE LIABLE FOR ANY DIRECT, INDIRECT, INCIDENTAL, SPECIAL, EXEMPLARY, OR CONSEQUENTIAL DAMAGES (INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, PROCUREMENT OF SUBSTITUTE GOODS OR SERVICES; LOSS OF USE, DATA, OR PROFITS; OR BUSINESS INTERRUPTION) HOWEVER CAUSED AND ON ANY THEORY OF LIABILITY, WHETHER IN CONTRACT, STRICT LIABILITY, OR TORT (INCLUDING NEGLIGENCE OR OTHERWISE) ARISING IN ANY WAY OUT OF THE USE OF THIS SOFTWARE, EVEN IF ADVISED OF THE POSSIBILITY OF SUCH DAMAGE.

microSDHC Logo is a trademark of SD-3C, LLC. (Тек WF-5190 сериясы.)  
*Ескертпе: microSDHC өнімге кірістірілген және оны алу мүмкін емес.*



*Жалпы ескерту: мұнда пайдаланылған басқа өнім атаулары тек анықтау мақсатына арналған және сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson бұл белгілерге қатысты кез келген және барлық құқықтардан бас тартады.*

© 2013 Seiko Epson Corporation. All rights reserved.

Бұл нұсқаулықтың мазмұны және осы өнімнің техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## **Мазмұны**

### **Авторлық құқық және сауда белгілері**

Авторлық құқық пен сауда белгілері. . . . . 2

### **Кіріспе**

Ақпаратты қайдан табуға болады. . . . . 8

Қол жетімді мүмкіндіктер. . . . . 8

Сақтандыру, маңызды және ескертпе. . . . . 9

Операциялық жүйе нұсқалары. . . . . 9

Epson Connect қызметін пайдалану. . . . . 10

### **Маңызды нұсқаулар**

Қауіпсіздік нұсқаулары. . . . . 11

Өнімге қатысты кеңестер және ескертулер. . . . . 11

    Өнімді баптау/пайдалану. . . . . 12

    Өнімді сымсыз байланыс арқылы пайдалану. . . . . 13

    СҚД экранын пайдалану. . . . . 13

    Сия картридждерін пайдалану. . . . . 13

### **Өніммен танысу**

Өнім бөлшектері. . . . . 14

Басқару тақтасының нұсқаулығы. . . . . 16

    Белгішелер. . . . . 16

### **Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану**

Ақпарат тасығыштарды пайдалану, салу және сақтау тақырыбына кіріспе. . . . . 18

    Қағазды сақтау. . . . . 18

Қағазды таңдау. . . . . 19

    СҚД экранындағы қағаз түрінің параметрлері. . . . . 22

    Принтер драйверінен алынған қағаз түрінің орнатымдары. . . . . 22

Қағаз құндағына қағаз жүктеу. . . . . 23

Артқы қағаз фидеріне қағазды және хатқалталарды жүктеу. . . . . 26

### **Басып шығару**

Компьютерден басып шығару. . . . . 30

    Принтер драйвері мен күйді бақылау. . . . 30

Негізгі амалдар. . . . . 33

    Негізгі басып шығару әрекеті. . . . . 33

    Басып шығаруды тоқтату. . . . . 37

Өзге параметрлер. . . . . 38

    Өнімнің алдын-ала орнатылған орнатымдары (Windows үшін ғана). . . . . 38

    2 жақты басып шығару. . . . . 39

    Бетке сыйдыра басып шығару. . . . . 41

    Pages per Sheet (Бір парақтағы беттер) басып шығару. . . . . 42

    Anti-Copy Pattern (Көшіруден қорғау әшекейі) басып шығару (Windows үшін ғана). . . . . 43

    Watermark басып шығару (тек Windows үшін). . . . . 44

    Header/Footer басып шығару (Windows үшін ғана) . . . . . 45

    Құпия тапсырмаларды басып шығару. . . . 45

Принтер драйверінің әкімші параметрлері (Windows үшін ғана). . . . . 46

PostScript принтер драйверін пайдалану . . . . . 47

Epson Universal P6 принтер драйверін пайдалану. . . . . 47

### **Басқару тақтасының мәзірлер тізімі**

Жүйені басқару параметрлері. . . . . 49

### **Сия картриджі және шығын материалы туралы ақпарат**

Сия картридждері. . . . . 57

Пайдаланылған сия қорабы . . . . . 57

### **Сия картридждерін ауыстыру**

Сия картриджінің қауіпсіздік туралы нұсқаулары, сақтық шаралары мен техникалық сипаттамалары. . . . . 59

    Қауіпсіздік туралы нұсқаулар. . . . . 59

    Сия картриджін ауыстыруға қатысты сақтық шаралары. . . . . 59

## Мазмұны

Сия картриджінің техникалық сипаттамалары. . . . .	60
Сия картриджі күйін тексеру. . . . .	61
Windows жүйесі үшін. . . . .	61
Mac OS X жүйесі үшін. . . . .	62
Басқару тақтасын пайдалану. . . . .	63
Түсті сия картриждері таусылғанда қара сиямен уақытша басып шығару. . . . .	64
Windows жүйесі үшін. . . . .	64
Mac OS X жүйесі үшін. . . . .	66
Картридж төмен болған кезде қара сияны сақтау (Windows үшін ғана). . . . .	68
Сия картриджін ауыстыру. . . . .	68

### **Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау**

Опцияны орнату. . . . .	71
Қағаз құндағы бөлігі. . . . .	71
Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру. . . . .	73
Windows жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	73
Mac OS X жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауларды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	73
Басқару тақтасын пайдалану. . . . .	74
Басып шығару механизмін тазалау. . . . .	75
Windows жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	75
Mac OS X жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару механизмін тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	76
Басқару тақтасын пайдалану. . . . .	76
Басып шығару механизмін туралау. . . . .	76
Windows жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	77
Mac OS X жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару механизмін туралау) қызметтік бағдарламасын пайдалану. . . . .	77
Басқару тақтасын пайдалану. . . . .	78
Желі қызметі параметрлерін орнату. . . . .	79
Өнімді басып шығару мақсатында ортақтасу. . . . .	80
Өнімді тазалау. . . . .	80
Өнімнің сыртын тазалау. . . . .	80
Өнімнің ішін тазалау. . . . .	80

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру. . . . .	81
Пайдаланылған сияға арналған қорап күйін тексеру. . . . .	81
Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары . . . . .	81
Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру. . . . .	82
Өнімді тасымалдау. . . . .	83
Бағдарламаны тексеру және орнату. . . . .	84
Компьютерде орнатылған бағдарламаны тексеру. . . . .	84
Бағдарламаны орнату. . . . .	85
PostScript принтер драйверін орнату. . . . .	85
Жүйе талаптары. . . . .	86
Windows жүйесінде PostScript принтер драйверін орнату. . . . .	86
Mac OS X жүйесінде PostScript принтер драйверін орнату. . . . .	89
Epson Universal P6 принтер драйверін орнату (тек Windows үшін). . . . .	90
Компьютер жүйесінің талаптары. . . . .	90
Принтер драйверін орнату. . . . .	90
Бағдарламаны жою. . . . .	91
Windows жүйесі үшін. . . . .	91
Mac OS X жүйесі үшін. . . . .	92

### **Қате көрсеткіштері**

Басқару тақтасындағы қате туралы хабарлар. . . . .	94
--	----

### **Басып шығару ақаулықтарын жою**

Мәселені анықтау. . . . .	95
Өнім күйін тексеру. . . . .	96
Қағаз кептелістері. . . . .	99
Кептелген қағазды артқы бөліктен шығару. . . . .	100
Кептелген қағазды алдыңғы қақпақтан және шығыс науадан алып тастаңыз. . . . .	101
Кептелген қағазды қағаз құндағынан шығару. . . . .	101
Қағаз кептелістерінің алдын алу. . . . .	102
Қағаз кептелгеннен кейін қайта басу (тек Windows жүйесі үшін). . . . .	103
Баспа сапасы туралы анықтама. . . . .	103
Көлденең жолақтану. . . . .	104
Тік жолақтану немесе сәйкессіздік. . . . .	104

## Мазмұны

Дұрыс емес түстер немесе түссіз. . . . .	105
Бұлдыраңқы немесе бояуы жағылып басылып шыққан қағаз. . . . .	106
Әртүрлі басып шығарылған қағаз ақаулары. . . . .	107
Қате немесе бұзылған таңбалар. . . . .	107
Қате шекаралар. . . . .	107
Басылып шыққан қағаз сәл қисық. . . . .	108
Ауыстырылған сурет. . . . .	108
Бос беттерді басып шығару. . . . .	108
Басылып шығатын жағы ластанған немесе сызылған. . . . .	109
Тым баяу басып шығару. . . . .	109
Қағаз дұрыс берілмейді. . . . .	109
Қағаз берілмейді. . . . .	109
Бірнеше бетті беру механизмі. . . . .	110
2-ші қағаз құндағы принтер драйверінде көрсетілмейді. . . . .	110
Қағаз дұрыс салынбаған. . . . .	110
Қағаз толық алынбаған немесе мыжырылып қалған. . . . .	111
Өнім басып шығармайды. . . . .	111
Барлық шамдар өшірулі. . . . .	111
Басқару тақтасы немесе шамдар қосулы . . . . .	111
PostScript принтер драйверін пайдалану . . . . .	112
Өнім басып шығармайды. . . . .	112
Өнім дұрыс басып шығармайды. . . . .	112
Әртүрлі басылған материал ақаулары . . . . .	112
Басып шығару біраз уақыт алады. . . . .	113
Өзге мәселе. . . . .	113
Қарапайым қағаздарды дыбыссыз басып шығару. . . . .	113

### **Өнім туралы ақпарат**

Жүйе талаптары. . . . .	114
Windows жүйесі үшін. . . . .	114
Mac OS X жүйесі үшін. . . . .	114
Техникалық сипаттар. . . . .	114
Принтердің техникалық сипаттары. . . . .	114
Желілік интерфейстің техникалық сипаттамасы. . . . .	117
Механикалық. . . . .	117
Электрикалық. . . . .	118
Қоршаған ортаға қатысты тұстар. . . . .	119
Стандарттар мен құптаулар. . . . .	119
Интерфейс. . . . .	120
Опция. . . . .	120

Қаріп туралы ақпарат. . . . .	121
Қол жетімді қаріптер. . . . .	121
PCL5 режимі. . . . .	122
PCL6 режимі. . . . .	124
Таңбалар жинақтарына кіріспе. . . . .	126

### **Анықтама алу көздері**

Техникалық қолдау қызметінің веб сайты . . . . .	132
Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласу. . . . .	132
Epson компаниясына хабарласудан бұрын. . . . .	132
Еуропадағы тұтынушыларға арналған анықтама. . . . .	133
Тайвандағы тұтынушыларға арналған анықтама. . . . .	133
Австралиядағы тұтынушыларға арналған анықтама. . . . .	134

### **Қосымша**

## ***Кіріспе***

# **Ақпаратты қайдан табуға болады**

Epson қолдау веб-сайтында келесі нұсқаулықтардың соңғы нұсқасы қол жетімді.

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

**Осы жерден бастаңыз (қағаз):**

Өнімге және қызметтерге кіріспені қамтамасыз етеді.

**Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары (қағаз):**

Осы өнімді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін нұсқауларды береді. Үлгіге және аймаққа байланысты бұл нұсқаулық қосылмауы мүмкін.

**Пайдаланушы нұсқаулығы (PDF):**

Егжей-тегжейлі пайдалану, қауіпсіздік және ақаулықтарды жою туралы нұсқауларды береді. Бұл нұсқаулықты компьютерде осы өнімді пайдаланғанда немесе сияқты кеңейтілген мүмкіндіктерді пайдаланғанда қараңыз.

**Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау (PDF):**

Компьютердің, смартфонның немесе өнімнің желілік параметрлері және мәселелерді шешу туралы нұсқауларды береді.

**Әкімші нұсқаулығы (PDF):**

Жүйелік әкімшіге қауіпсіздікті басқару және өнім параметрлері туралы ақпаратты береді.

## **Қол жетімді мүмкіндіктер**

Өнім үшін не қол жетімді екенін тексеріңіз.

	WF-5110	WF-5190 WF-5191
Басып шығару	✓	✓
Басып шығару (PS3/PCL)	-	✓
Құпия тапсырманы басып шығару	-	✓



## Сақтандыру, маңызды және ескертпе

Бұл нұсқаулықта сақтандыру, маңызды және ескертпе төменде көрсетілгендей болады және олардың мағынасы төмендегідей.



### **Сақтандыру**

*жарақат алмау үшін міндетті түрде орындау керек.*



### **Маңызды**

*жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін орындау керек.*

### **Ескертпе**

*өнімді пайдалану туралы пайдалы кеңестерді және шектеулерді қамтиды.*

## Операциялық жүйе нұсқалары

Осы нұсқаулықта келесі қысқартылған сөздер пайдаланылған.

- Windows 8 термині Windows 8, Windows 8 Pro, Windows 8 Enterprise жүйелерін білдіреді.
- Windows 7 жазуы Windows 7 Home Basic, Windows 7 Home Premium, Windows 7 Professional және Windows 7 Ultimate нұсқасына қатысты.
- Windows Vista жазуы Windows Vista Home Basic Edition, Windows Vista Home Premium Edition, Windows Vista Business Edition, Windows Vista Enterprise Edition және Windows Vista Ultimate Edition нұсқасына қатысты.
- Windows XP жазуы Windows XP Home Edition, Windows XP Professional x64 Edition және Windows XP Professional нұсқасына қатысты.
- Windows Server 2012 Windows Server 2012 Essentials шығарылымын, Server 2012 standard шығарылымын білдіреді.
- Windows Server 2008 Windows Server 2008 Standard шығарылымын, Windows Server 2008 Enterprise шығарылымын, Windows Server 2008 x64 Standard шығарылымын және Windows Server 2008 x64 Enterprise шығарылымын білдіреді.
- Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008 R2 Standard шығарылымын және Windows Server 2008 R2 Enterprise шығарылымын білдіреді.
- Windows Server 2003 Windows Server 2003 Standard шығарылымын, Windows Server 2003 Enterprise шығарылымын, Windows Server 2003 x64 Standard шығарылымын, Windows Server 2003 x64 Enterprise шығарылымын, Windows Server 2003 R2 Standard шығарылымын, Windows Server 2003 R2 Standard x64 шығарылымын, Windows Server 2003 R2 Enterprise шығарылымын және Windows Server 2003 R2 Enterprise x64 шығарылымын білдіреді.
- Mac OS X Mac OS X 10.5.8, 10.6.x, 10.7.x, 10.8.x нұсқаларын білдіреді.

## Epson Connect қызметін пайдалану

Epson Connect және басқа компаниялардың қызметтерін пайдаланып кез келген уақытта және кез келген дерлік жерде, тіпті дүние жүзінде тікелей смартфоннан, планшеттен немесе ноутбуктен оңай басып шығара аласыз! Басып шығару және басқа қызметтер туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі URL мекенжайына кіріңіз;

<https://www.epsonconnect.com/> (Epson Connect порталының сайты)

<http://www.epsonconnect.eu> (тек Еуропа)



**Ескертпе:**

*Желілік қызметтік параметрлерін өніммен бірдей желіге қосылған компьютердегі, смартфондағы, планшеттегі немесе ноутбуктегі веб-шолғышты пайдаланып орнатуға болады.*

➔ *"Желі қызметі параметрлерін орнату" бетте 79*

## Маңызды нұсқаулар

### Қауіпсіздік нұсқаулары

Өнімді қауіпсіз пайдалану үшін осы нұсқауларды оқып шығыңыз және орындаңыз. Осы нұсқаулықты болашақта анықтама алу үшін сақтаңыз. Сонымен қатар өнімде белгіленген барлық ескертулер мен нұсқауларды орындау қажет.

- ❑ Өніммен бірге келген қуат сымын ғана пайдаланыңыз және сымды өзге жабдықпен бірге пайдаланбаңыз. Осы өніммен бірге басқа сымдарды пайдалану немесе сымды өзге жабдықпен бірге пайдалану өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- ❑ Айнымалы ток қуат сымы қатысты жергілікті қауіпсіздік стандартына сәйкес келетінін тексеріңіз.
- ❑ Өнімнің нұсқаулықтарында нақты түсіндірілген жағдайлардан басқа кезде қуат сымын, принтер бөлігін, немесе параметрлерін өз бетіңізбен ешқашан бөлшектемеңіз, өзгертпеңіз немесе жөндеуге тырыспаңыз.
- ❑ Өнімді токтан ажыратып, қызмет көрсететін техник мамаға келесі жағдайларда жүгініңіз: Қуат сымы немесе штепсель зақымдалған; сұйықтық өнім ішіне енген; өнім құлаған немесе қорабы зақымдалған; өнім қалыпты жұмыс істемейді немесе өнімділігінде нақты өзгерістер байқалады. Пайдалану нұсқауларына сәйкес келмейтін басқару құралдарын реттемеңіз.
- ❑ Өнімнің штепселі оңай ажыратылатындай қабырға розеткасына жақын орнатыңыз.
- ❑ Өнімді сырт жаққа, өте лас немесе шаң-тозаңды жер, су, ыстық көздері немесе соққы, діріл, жоғары температура немесе ылғалдылық әсеріне ұшырауы мүмкін жерлердің маңайына қоймаңыз немесе сақтамаңыз.
- ❑ Өнімге сұйықтық төгіп алмауға және өнімді ылғал қолмен ұстамауға тырысыңыз.
- ❑ Осы өнімді кардиостимуляторлардан кемінде 22 см алыс қойыңыз. Осы өнімнің радио толқындары кардиостимуляторлардың жұмыс істеуіне кері әсер етуі мүмкін.
- ❑ Егер сұйық кристалды экран зақымдалған болса, дилерге хабарласыңыз. Егер сұйық кристалды ерітінді қолыңызға тисе, қолыңызды сабынмен және сумен дұрыстап жуыңыз. Егер сұйық кристалды ерітінді көзіңізге тисе, көзіңізді лезде сумен жуыңыз. Егер сумен дұрыстап жуған соң әлі де ыңғайсыздық немесе көру жағдайыңыз нашар болса, жылдам дәрігерге қаралыңыз.

**Ескертпе:**

Келесі қауіпсіздік нұсқаулары сия картридждері үшін беріледі.

➔ ["Сия картридждерін ауыстыру" бетте 59](#)

### Өнімге қатысты кеңестер және ескертулер

Өнімді немесе меншігіңізді зақымдап алмау үшін осы нұсқауларды оқып, оларды орындаңыз. Осы нұсқаулықты болашақта анықтама алу үшін сақтаңыз.

---

## Өнімді баптау/пайдалану

- ❑ Өнімдегі ауа шығатын тесіктерді және ашық жерлерді жауып тастамаңыз немесе оларға тосқауыл жасамаңыз.
- ❑ Өнімнің жапсырмасында көрсетілген қуат көзінің түрін ғана пайдаланыңыз.
- ❑ Жиі қосылып, сөніп тұратын фотокошіргіштер немесе ауаны бақылау жүйелері орналасқан тізбектегі розеткаларды пайдаланбауға тырысыңыз.
- ❑ Қабырғадағы қосқыштар немесе автоматты таймерлер басқаратын электр розеткаларын пайдаланбаңыз.
- ❑ Тұтас компьютер жүйесін дауыс зорайтқыштар немесе сымсыз телефондардың базалық бөліктері сияқты электромагнитті кедергінің потенциалды көздерінен алыс ұстаңыз.
- ❑ Қуатты жеткізу сымдары желіну, кесілу, тозу, жапырылу және ширатылу болмайтындай тартылуы тиіс. Қуатты жеткізу сымдарының үстеріне заттарды қоймаңыз және қуатты жеткізу сымдарының үстін біреудің басуына немесе езіп кетуіне жол бермеңіз. Барлық қуатты жеткізу сымдарының ұштарын және трансформаторға кіретін және шығатын тұстарын түзу ұстауға тырысыңыз.
- ❑ Өніммен бірге ұзартқыш сымды пайдалансаңыз, ұзартқыш сымға қосылған құрылғылардың жалпы амперлік қуатының сымда көрсетілген амперлік қуаттан аспайтынына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар қабырғадағы розеткаға тығылған барлық құрылғылардың жалпы амперлік қуатының қабырғадағы розеткада көрсетілген амперлік қуаттан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- ❑ Егер өнімді Германияда пайдалануды жоспарласаңыз, тиісті қысқа тұйықталу қорғанысының немесе шамадан тыс ток қорғанысының болуы үшін ғимарат 10 немесе 16 амперлі тізбек ажыратқышымен қорғалуы тиіс.
- ❑ Өнімді компьютерге немесе өзге құрылғыға кабель арқылы жалғаған кезде, коннекторлар дұрыс бағытта тұрғанына көз жеткізіңіз. Әр коннектордың бір ғана дұрыс бағыты бар. Коннекторды бұрыс бағытта салу кабельмен жалғанған екі құрылғына да зақымдауы мүмкін.
- ❑ Өнімді өнімнің астынан барлық бағытта біршама қашықтыққа созылып жатқан түзу, әрі орнықты жерге қойыңыз. Өнім белгілі бір бұрышпен қисайып тұрса дұрыс жұмыс істемейді.
- ❑ Өнімді сақтаған немесе тасымалдаған кезде, оны қисайтпаңыз, тігінен қоймаңыз немесе төңкермеңіз; әйтпесе сиясы ағып кетуі мүмкін.
- ❑ Қағазды толық шығарып алу үшін өнімнің алдында жеткілікті орын қалдырыңыз.
- ❑ Температурасы және ылғалдылығы тез өзгеріп тұратын жерлерге қоймаңыз. Сонымен қатар өнімді күннің тік сәулелерінен, қатты жарық немесе ыстық көздерінен аулақ ұстаңыз.
- ❑ Өнімдегі тесіктер арқылы ішіне бөгде заттарды салмаңыз.
- ❑ Басылу кезінде өнімнің ішіне қолыңызды салмаңыз.
- ❑ Өнімнің ішіндегі ақ жалпақ кабельді ұстамаңыз.
- ❑ Өнімнің ішінде немесе айналасында жанғыш газдарды қамтитын аэрозольді өнімдерді пайдаланбаңыз. Бұлай ету өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

## Маңызды нұсқаулар

- ❑ Өнімнің басып шығарғыш басын қолмен қозғалтпаңыз; әйтпесе өнімді зақымдауыңыз мүмкін.
- ❑ Өнімді әрдайым  $\odot$  түймешігінің көмегімен өшіріп отырыңыз. Сұйық кристалды экран толық өшірілмегенше өнімді токтан ажыратпаңыз немесе розеткадағы қуат көзін өшірмеңіз.
- ❑ Өнімді тасымалдаудан бұрын басып шығару механизмінің бастапқы (алыс оң жақтағы) күйінде тұрғанына және сия картридждерінің орындарында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, электр розеткасынан қуат сымын суыруды ұмытпаңыз.

---

## Өнімді сымсыз байланыс арқылы пайдалану

- ❑ Осы өнімді медициналық ғимараттар ішінде немесе медициналық жабдық қасында пайдаланбаңыз. Осы өнім шығаратын радио толқындар электрлі медициналық жабдықтың жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін.
- ❑ Осы өнімді автоматты есіктер немесе өрт дабылдары сияқты автоматты түрде басқарылатын құрылғылар қасында пайдаланбаңыз. Осы өнімнен шығатын радио толқындар осы құрылғыларға кері әсерін тигізуі және ақауына байланысты қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін.

---

## СҚД экранын пайдалану

- ❑ СҚД экранында бірнеше кішкентай ашық немесе күңгірт дақтары болуы мүмкін, осы функцияның әсерінен анық емес ажыратымдылық болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болғандықтан оны зақымдалған деп ойламаңыз.
- ❑ СҚД экранын тазалау үшін тек құрғақ, жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Сұйық немесе химиялық тазартқыштарды пайдаланбаңыз.
- ❑ СҚД экранының сыртқы қақпағы ауыр соққылардың әсерінен сынуы мүмкін. Егер панель қабаты сынса немесе шытынаса дилерге хабарласып, сынған бөліктерді ұстамаңыз немесе алып тастауға тырыспаңыз.

---

## Сия картридждерін пайдалану

Сияға қатысты қауіпсіздік нұсқаулары және өнімге қатысты кеңес/ескертүүлەر сілтемеленген тарауда берілетін болады.


➔ [“Сия картридждерін ауыстыру” бетте 59](#)

# Өніммен танысу


**Ескертпе:**

Осы нұсқаулықтағы суреттер осыған ұқсас өнім моделінен алынған. Олардың нақты өнімнен өзгеше болуы мүмкіндігіне қарамастан, жұмыс жасау тәсілі бірдей.

## Өнім бөлшектері




a.	Қағаз құндағы 1
b.	Қосымша қағаз құндағы бөлігі
c.	Қағаз құндағының қақпағы (қосымша)
d.	Қағаз құндағы 2 (қосымша)




a.	Жиек бағыттағыштар
----	--------------------

**Өніммен танысу**

b.	Стопор
c.	Шығасын науа ұзартылымы
d.	Шығыс науасы
e.	Жиек бағыттағыштар
f.	Артқы қағаз беріс
g.	Фидер шектегіші



a.	Сия картридж тесіктері
b.	Алдыңғы қақпақ
c.	Басып шығару механизмі




a.	USB порты
b.	LAN порты
c.	Сыртқы USB порты*
d.	Пайдаланылған сияға арналған қорап
e.	Артқы қақпақ
f.	Айнымалы ток розеткасы

\* Болашақта пайдалануға арналған USB порты. Жапсырманы алмаңыз.

## Басқару тақтасының нұсқаулығы

**Ескертпе:**

- Басқару тақтасының дизайны орналасқан жерге байланысты әр түрлі болады.
- Басқару тақтасының дизайны мен мәзір аттары және опция аттары сияқты сұйық кристалды дисплейде көрсетілген нәрселер сіздегі өнімнен басқаша болса да, пайдалану әдісі бірдей.



	Түймелер/Шамдар	Функция
a.	🔌	Өнімді қосады немесе ажыратады. Өнім қосұлы болғанда қуат шамы жанып тұрады. Өнім басып шығарып жатқанда, сия картриджін ауыстырғанда, сияны толтырғанда немесе басып шығару механизмін тазалап жатқанда жыпылықтайды.
b.	📄	Мұны қағаз құндағына немесе артқы қағаз фидеріне жүктеген қағаздың өлшемі мен түрін таңдау үшін басыңыз.
c.	Error	Сол жақтағы қызғылт сары шам қате орын алғанда қосылады немесе жыпылықтайды.
	Data	Оң жақтағы көк шам өнім деректерді өңдеп жатқанда жыпылықтайды. Ол өңдеуді күтіп жатқан басып шығару тапсырмалары бар кезде қосұлы болады.
d.	-	СҚД экраны мәзірлерді көрсетеді.
e.	↶	Бас тартады/алдыңғы мәзірге оралады.
f.	⬅, ▲, ➡, ▼, OK	Мәзірлерді таңдау үшін ⬅, ▲, ➡, ▼ түймешіктерін басыңыз. Таңдауды растау және келесі экранға өту үшін OK түймесін басыңыз.
g.	⊞	Ағымдағы әрекетті тоқтатады.







## Белгішелер

Өнімнің күйіне байланысты басқару тақтасында келесі белгішелер көрсетіледі.

Белгішелер	Сипаттама
📶	Ethernet қосылымы жоқ екенін көрсетеді.



## Өніммен танысу

Белгішелер	Сипаттама
	Ethernet қосылымы орнатылғанын көрсетеді.
•	Wi-Fi желілік қатесі орын алғанын немесе өнім қосылымды іздеп жатқанын көрсетеді.
	Wi-Fi қосылымы орнатылғанын көрсетеді. Жолақтардың саны қосылым сигналының күшін көрсетеді.
	Арнайы қосылым орнатылғанын көрсетеді.
	Wi-Fi Direct режиміндегі қосылым орнатылғанын көрсетеді.
	Қарапайым кіру нүктесі режимінде қосылым орнатылғанын көрсетеді.
	Eco Mode функцияларының біреуі қосулы екенін көрсетеді.

---

# Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

---

## Ақпарат тасығыштарды пайдалану, салу және сақтау тақырыбына кіріспе

Әдеттегі қағаздың басым бөлігін пайдаланып жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Алайда, арнайы заттармен бүркелген қағаздар сияны аз сіңіруіне байланысты өте жақсы басылған көшірмелерді ұсынады.

Epson компаниясы Epson сия бүріккіш өнімдерінде пайдаланылатын сия үшін жасалған арнайы қағаздарды ұсынады және жоғары сапалы нәтижелерге қол жеткізу үшін осы қағаздарды пайдалануға кеңес береді.

Epson таратқан арнайы қағазды салған кезде, алдымен қағазбен бірге салынған нұсқау парақтарын оқыңыз және келесі тұстарды есте тұтыңыз.

### **Ескертпе:**

- ❑ Қағазды қағаз құндағына басылып шығатын жағын жоғары қарата салыңыз. Басылып шығатын жағы әдетте ақшылдау немесе жылтырақтау келеді. Қосымша мәлімет алу үшін қағазбен бірге салынған нұсқау парақтарын қараңыз. Дұрыс салу бағытын анықтауға көмектесу үшін қағаздың кейбір түрлерінің ұштары кесілген күйде болады.
- ❑ Егер қағаз бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз. Бүктелген қағаз бетіне басып шығару сияның көшірмелерге жағылып шығуына әкелуі мүмкін.



---

## Қағазды сақтау

Басып шығаруды аяқтағаннан кейін, қолданылмаған қағазды бастапқы қаптамасының ішіне қайтарыңыз. Арнайы ақпарат тасығыштармен жұмыс жасаған кезде, Epson басылған көшірмелерді қайта жабуға болатын пластмасса сөмкеде сақтауды ұсынады. Қолданылмаған қағаз бен көшірмелерді жоғары температура, ылғалдылық және күннің тік сәулелерінен алшақ ұстаңыз.

**Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану**

## Қағазды таңдау

Төмендегі кестеде қолдау көрсетілетін қағаз түрлері көрсетілген. Жүктеу сыйымдылығы және қағаз көзі төменде көрсетілгендей қағаз көзіне қарай өзгеріп отырады.

Ақпарат тасығыш түрі	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар немесе биіктігі)			Автоматты 2 жақты басып шығару
		Қағаз құндағы 1 немесе қағаз құндағы	Қағаз құндағы 2*1	Артқы қағаз беріс	
Қарапайым қағаз*2	Legal	27,5 мм	27,5 мм	1	-
	Letter	27,5 мм	27,5 мм	80*3	✓
	A4	27,5 мм	27,5 мм	80*3	✓
	B5	27,5 мм	27,5 мм	80*3	✓
	A5	27,5 мм	-	80*3	-
	Executive	-	-	80*3	-
	A6	-	-	80*3	-
	Қолданушы таңдайтын пішім (182 x 257 мм және 215,9 x 297 мм арасында)	-	-	80*3	✓
	Қолданушы таңдайтын пішім (жоғарыдағыдан басқа)	-	-	1	-

**Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану**

Ақпарат тасығыш түрі	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар немесе биіктігі)			Автоматты 2 жақты басып шығару
		Қағаз құндағы 1 немесе қағаз құндағы	Қағаз құндағы 2*1	Артқы қағаз беріс	
Қалың қағаз*4	Legal	-	-	1	-
	Letter	-	-	10*5	-
	A4	-	-	10*5	-
	B5	-	-	10*5	-
	A5	-	-	10*5	-
	Executive	-	-	10*5	-
	A6	-	-	10*5	-
	Қолданушы таңдайтын пішім (182 x 257 мм және 215,9 x 297 мм арасында)	-	-	10*5	-
	Қолданушы таңдайтын пішім (жоғарыдағыдан басқа)	-	-	1	-
Хатқалта	#10	-	-	10	-
	DL	-	-	10	-
	C4	-	-	1	-
	C6	-	-	10	-
Epson Bright White Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған ақшаңқан фотоқағаз)	A4	200	200	50*6	✓
Epson Photo Quality Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған фотоқағаз)	A4	-	-	80	-
Epson Matte Paper – Heavyweight (Күңгірт қағаз – ауыр)	A4	-	-	20	-

**Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану**

Ақпарат тасығыш түрі	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар немесе биіктігі)			Автоматты 2 жақты басып шығару
		Қағаз құндағы 1 немесе қағаз құндағы	Қағаз құндағы 2*1	Артқы қағаз беріс	
Epson Premium Glossy Photo Paper (Премиум жалтыр фотоқағазы)	A4	-	-	20	-
	13 × 18 см (5 × 7 дюйм)	-	-	20	-
	10 × 15 см (4 × 6 дюйм)	-	-	20	-
	16: 9 кең (102 × 181 мм)	-	-	20	-
Epson Premium Semigloss Photo Paper (Премиум жартылай жалтыр фотоқағазы)	A4	-	-	20	-
	10 × 15 см (4 × 6 дюйм)	-	-	20	-
Epson Ultra Glossy Photo Paper (Ерен жалтыр фотоқағаз)	A4	-	-	20	-
	13 × 18 см (5 × 7 дюйм)	-	-	20	-
	10 × 15 см (4 × 6 дюйм)	-	-	20	-
Epson Photo Paper, Glossy (Фотоқағаз, жылтыр)	A4	-	-	20	-
	13 × 18 см (5 × 7 дюйм)	-	-	20	-
	10 × 15 см (4 × 6 дюйм)	-	-	20	-

\*1 Өнімге байланысты қағаз құндағы 2 қосымша ретінде беріледі.

\*2 Кәдімгі қағаздың анықтамасы: салмағы 64 г/м<sup>2</sup> (17 фунт) және 90 г/м<sup>2</sup> (24 фунт) арасындағы қағаз. Бұл алдын ала басылған қағазды, бланкты, түсті қағазды және қайта өңделген қағазды қамтиды.

\*3 Қолмен 2 жақты басып шығару үшін жүктеу сыйымдылығы — 30 парақ.

\*4 Қалың қағаздың анықтамасы: салмағы 91 г/м<sup>2</sup> (25 фунт) және 256 г/м<sup>2</sup> (68 фунт) арасындағы қағаз.

\*5 Қолмен 2 жақты басып шығару үшін жүктеу сыйымдылығы — 5 парақ.

\*6 Қолмен 2 жақты басып шығару үшін жүктеу сыйымдылығы — 20 парақ.

**Ескертпе:**

Қағаздың қол жетімді болуы орны бойынша өзгеріп отырады.

**Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану**

**СҚД экранындағы қағаз түрінің параметрлері**

Бұл өнім басып шығару орнатымдары ішінен таңдалған қағаз түріне автоматты түрде бейімделеді. Осылайша, қағаз түрінің баптауы соншалықты маңызды. Ол сізге өнімде қандай қағаз түрі қолданылып жатқанын айтып, сияның жағылу деңгейі сәйкесінше реттейді. Төмендегі кестеде қағазыңыз үшін таңдау қажет орнатымдардың тізімі берілген.

Осы қағаз үшін	СҚД қағаз түрі
Қарапайым қағаз*1	plain papers
Алдын ала басылған қағаз*1	Preprinted
Бланк*1	Letterhead
Түсті қағаз*1	Color
Қайта өңделген қағаз*1	Recycled
Epson Bright White Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған ақшаңқан фотоқағаз)*1	plain papers
Epson Ultra Glossy Photo Paper (Ерен жалтыр фотоқағаз)	Ultra Glossy
Epson Premium Glossy Photo Paper (Премиум жалтыр фотоқағазы)	Prem. Glossy
Epson Premium Semigloss Photo Paper (Премиум жартылай жалтыр фотоқағазы)	Prem. Semigloss
Epson Photo Paper, Glossy (Фотоқағаз, жылтыр)	Glossy
Epson Matte Paper – Heavyweight (Күңгірт қағаз – ауыр)	Matte
Epson Photo Quality Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған фотоқағаз)	Matte
Қалың қағаз	Thick -Paper
Хатқалталар	Envelope

\*1 Бұл қағазбен 2 жақты басып шығаруды орындауға болады.

**Принтер драйверінен алынған қағаз түрінің орнатымдары**

Бұл өнім басып шығару орнатымдары ішінен таңдалған қағаз түріне автоматты түрде бейімделеді. Осылайша, қағаз түрінің баптауы соншалықты маңызды. Ол сізге өнімде қандай қағаз түрі қолданылып жатқанын айтып, сияның жағылу деңгейі сәйкесінше реттейді. Төмендегі кестеде қағазыңыз үшін таңдау қажет орнатымдардың тізімі берілген.

Осы қағаз үшін	Принтер драйверінің қағаз түрі
Қарапайым қағаз	plain papers (қарапайым қағаздар)

## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

Осы қағаз үшін	Принтер драйверінің қағаз түрі
Epson Bright White Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған ақшаңқан фотоқағаз)	plain papers (қарапайым қағаздар)
Алдын ала басылған қағаз	Preprinted (Алдын ала басып шығарылған)
Ұйым мөртабаны	Letterhead (Ұйым мөртабаны)
Түсті қағаз	Color (Түс)
Қайта өңделген қағаз	Recycled (Қайта өңделген)
Epson Ultra Glossy Photo Paper (Ерен жалтыр фотоқағаз)	Epson Ultra Glossy
Epson Premium Glossy Photo Paper (Премиум жалтыр фотоқағазы)	Epson Premium Glossy
Epson Premium Semigloss Photo Paper (Премиум жартылай жалтыр фотоқағазы)	Epson Premium Semigloss
Epson Photo Paper, Glossy (Фотоқағаз, жылтыр)	Photo Paper Glossy
Epson Matte Paper – Heavyweight (Күңгірт қағаз – ауыр)	Epson Matte
Epson Photo Quality Ink Jet Paper (Сиялы принтерге арналған фотоқағаз)	Epson Matte
Қалың қағаз	Thick-Paper (Қалың қағаз)
Хатқалталар	Envelope (Хатқалта)

### **Ескертпе:**


Арнайы ақпарат тасығыштардың бар болуы белгілі бір жерге байланыс өзгеріп отырады. Сіздің аумақтағы ақпарат тасығыштарға қатысты ең соңғы мәлімет алу үшін Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

➔ ["Техникалық қолдау қызметінің веб сайты" бетте 132](#)

## Қағаз құндағына қағаз жүктеу

Қағазды салу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- 1 Қағаз құндағын толығымен шығарыңыз.




## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

**Ескертпе:**

Қағаз құндағы 2 ішіне қағазды жүктеген кезде қағаз құндағының қақпағын алыңыз.


2

Жиек бағыттауыштарын ұстап, қағаз құндағының бүйірлеріне қарай сырғытыңыз.




**Ескертпе:**

Legal өлшемді қағазды пайдаланған кезде, қағаз құндағын суретте көрсетілгендей жайыңыз.




3

Жиек бағыттауышын пайдаланылатын қағаз өлшеміне реттеу үшін сырғытыңыз.



4

Қағазды жиек бағыттауышына басылып шығатын бетін төмен қарата жүктеп, қағаздың құндақ түбіне жабысып қалмағанын тексеріңіз.






## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

### **Ескертпе:**

- ❑ Қағазды салмас бұрын шеттерін желпіп және тегістеп жіберіңіз.
- ❑ Сатылатын алдын ала тесілген қағазда басып шығару керек болса, ["Артқы қағаз фидеріне қағазды және хатқалталарды жүктеу"](#) бетте 26 бөлімін қараңыз.

5

Жиек бағыттауыштарын қағаз жиектеріне қарай сырғытыңыз.




### **Ескертпе:**

- ❑ Қарапайым қағаз үшін қағазды шеткі бағыттағыштың ішіндегі ▼ көрсеткі белгісінен асырып салмаңыз.  
Epson арнайы ақпарат тасығыштары үшін парақтар санының ақпарат тасығыш үшін бекітілген шектен аз екеніне көз жеткізіңіз.  
➔ ["Қағазды таңдау"](#) бетте 19
- ❑ Қағаз құндағы 2 ішіне қағазды жүктеген кезде қағаз құндағының қақпағын қайта бекітіңіз.

6

Құндақты жалпақ күйінде сақтап, баяу және абайлап құрылғыға толығымен қайта енгізіңіз.




### **Ескертпе:**

Қағаз құндағын салғанда қағаз өлшемі және қағаз түрі параметрлерін орнату экраны автоматты түрде көрсетіледі. Қағаз параметрлері жүктелген қағазға сай екенін тексеріңіз.

## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

- 7** Шығыс науасын сырғытып, ысырманы көтеріңіз.




**Ескертпе:**

- ❑ Қағазды толық шығарып алу үшін өнімнің алдында жеткілікті орын қалдырыңыз.
- ❑ Өнім жұмыс істеп тұрған кезде қағаз құндағын алмаңыз немесе салмаңыз.


## Артқы қағаз фидеріне қағазды және хатқалталарды жүктеу

Артқы қағаз фидеріне қағазды және хатқалталарды жүктеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- 1** Шығыс науасын сырғытып, стопорды көтеріңіз.




- 2** Қағаз ұстағышты жоғары тартыңыз.




### Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

- 3** Фидер шектегішін ашыңыз да, жиектік бағыттағыштарды ұстап, сырғытыңыз.




- 4** Қағазды басылып шығатын жағымен жоғары қаратып, артқы қағаз фидерінің ортасына салыңыз.




## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

### **Ескертпе:**

- ❑ Басылып шығатын жағы жиі басқа жағынан ақшылдау немесе ашықтау келеді.
- ❑ Хатқалталарды салғанда қысқа жағымен жабысатын жағын төмен қаратып салыңыз.




- ❑ Жиектері оралған немесе бүгілген хатқалталарды пайдаланбаңыз.
- ❑ Хатты салудан бұрын оны және жабысатын жағын жазып алыңыз.



- ❑ Хатқалтаны салмас бұрын оның салынатын шетін тегістеңіз.
- ❑ Тым жұқа хаттарды пайдаланбауға тырысыңыз, себебі олар басып шығару барысында жиырылып қалуы мүмкін.

### **Түптеу тесіктері бар қағаз туралы ескертпе:**


Ұзын жиектердің біреуінде түптеу тесіктері бар алдын ала тесілген қағазды пайдалануға болады. Түптеу тесіктері бар қағазды жоғарғы немесе төменгі жақ бойымен жүктемеңіз.




- ❑ Қол жетімді өлшемдер: A4, A5, B5, Letter және Legal.
- ❑ Бір уақытта бір қағаз парағын жүктеу.
- ❑ Автоматты 2 жақты басып шығару қол жетімді емес.
- ❑ Түптеу тесіктерінің үстіне басып шығаруды болдырмас үшін файлдың орнын сәйкестендіргеніңізді тексеріңіз.

## Қағаз және ақпарат тасығыштарды пайдалану

- 5 Жиектік бағыттағышты қағаз жиегіне сырғытыңыз, бірақ тым тақмаңыз.



- 6  түймешігін басыңыз да, **Rear Paper Feed** тармағын таңдаңыз. Артқы қағаз фидеріне жүктелген қағаздың өлшемін және түрін таңдаңыз.

# Басып шығару

## Компьютерден басып шығару

### Принтер драйвері мен күйді бақылау

Принтер драйвері ең жақсы басып шығару нәтижесіне қол жеткізуіңіз үшін алуан түрлі орнатымдар арасынан таңдау жасауға мүмкіндік береді. Күйді бақылау және принтердің пайдалы қолданбалары өнімді тексеруге және оның жұмыс жағдайын жақсы деңгейде ұстап тұруға көмектеседі.

#### **Windows қолданушыларына арналған ескертпе:**

- ❑ Сіз сатып алған принтер драйвері принтер драйверінің ең соңғы нұсқасын Epson веб сайтынан автоматты түрде тауып, орнатып отырады. Принтер драйверінің **Maintenance (Қызмет көрсету)** терезесіндегі **Software Update (Бағдарламаны жаңарту)** түймешігін нұқыңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Егер **Maintenance (Қызмет көрсету)** терезесіндегі түймешік жоқ болса, меңзерді **Windows Start** мәзіріндегі **All Programs (Барлық бағдарламалар)** немесе **Programs (Бағдарламалар)** параметрлеріне апарып, **EPSON** қалтасын тексеріңіз.\*

\* Windows 8 үшін:

**Maintenance (Қызмет көрсету)** терезесінде түймешік жоқ болса, **Start (Бастау)** экранындағы оң жақ түймені нұқып, **Start (Бастау)** экранының төменгі жағын немесе жоғарғы жағын түртіп, **All apps (Барлық бағдарламалар)** параметрін таңдаңыз да, **EPSON** санатынан **Software Update (Бағдарламаны жаңарту)** түймесін басыңыз.

- ❑ Егер драйвер тілін өзгертуді қаласаңыз, принтер драйверінің **Maintenance (Қызмет көрсету)** терезесіндегі **Language (Тіл)** параметрінен пайдалану қажет тілді таңдаңыз. Орналасқан жеріңізге қарай бұл функция табылмауы мүмкін.

### Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру

Ең көп Windows қолданбаларынан, жұмыс үстелінен немесе taskbar (тапсырмалар тақтасынан) принтер драйверіне қол жеткізуге болады.

Қолданып отырған қолданбаға ғана қатысты параметрлерді жасау үшін принтер драйверіне сол қолданбамен кіріңіз.

Windows қолданбаларының барлығына қолданылатын параметрді жасау үшін, принтер драйверіне жұмыс үстелінен немесе taskbar (тапсырмалар тақтасынан) қол жеткізіңіз.

Принтер драйверіне кіру үшін келесі бөлімдерді қараңыз.

#### **Ескертпе:**

Осы Пайдаланушы нұсқаулығы принтер драйверінің экрандық суреттері Windows 7 жүйесінен алынған.

#### **Windows қолданбаларынан**

- 1 File (Файл) мәзіріндегі **Print Setup (Басып шығаруды орнату)** немесе **Print (Басып шығару)** пәрменін таңдаңыз.

## Басып шығару

- 2** Пайда болған терезеде **Printer (Принтер), Setup (Орнату), Options (Опциялар), Preferences (Параметрлер)** немесе **Properties (Сипаттар)** пәрменін таңдаңыз. (Қолданба түріне қарай осы түймелердің біреуін немесе бірнешеуін басу керек болуы мүмкін.)

### *Жұмыс үстелінен*

- ❑ **Windows 8 және Server 2012**  
**Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер)** charm (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **Devices and Printers (Құрылғылар және принтерлер)** тармағын таңдаңыз. Өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз немесе өнімді басып тұрыңыз, сөйтіп **Printing preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
- ❑ **Windows 7 және Server 2008 R2:**  
Бастау түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** пәрменін таңдаңыз. Содан кейін, өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Printing preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
- ❑ **Windows Vista және Server 2008:**  
Бастау түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)**, сосын **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **Printer (Принтер)** пәрменін таңдаңыз. Содан кейін, өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Printing preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
- ❑ **Windows XP және Server 2003:**  
**Start (Бастау), Control Panel (Басқару тақтасы), (Printers and Other Hardware (Принтерлер және басқа жабдықтар),)** содан кейін **Printers and Faxes (Принтерлер және факстар)** тармағын таңдаңыз. Өнімді таңдаңыз, содан кейін File (Файл) мәзірінде **Printing Preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын басыңыз.

### *Taskbar (Тапсырмалар тақтасы) пәрменіндегі пернелер белгішесінен*


Taskbar (тапсырмалар тақтасында) өнім белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Printer Settings (Принтер параметрлері)** тармағын таңдаңыз.

Пернелер белгішесін Windows taskbar (тапсырмалар тақтасына) қосу үшін фалдымен жоғарыда көрсетілгендей принтер драйверіне жұмыс үстелінен кіріңіз. Одан кейін, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, содан кейін **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** түймешігін нұқыңыз. Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер) терезесінде Enable EPSON Status Monitor 3 бағдарламасын таңдаңыз да, **ОК** түймешігін басыңыз.

Содан кейін Maintenance (Қызмет көрсету) қойындысында **Monitoring Preferences (Басқарылатын теңшелімдер)** түймешігін басыңыз да, **Register the shortcut icon to the task bar (Таңбаша белгішесін тапсырмалар жолағына тіркеу)** тармағын таңдаңыз.

### *Желілік анықтама көмегімен ақпарат алу*

Принтер драйверінің терезесінде келесі процедураларды орындаңыз.

- ❑ Элементті тінтуірдің оң жағымен басып, сосын **Help (Анықтама)** бөлімін таңдаңыз.
- ❑ Терезенің жоғарғы оң жақ бөлігіндегі  түймешігін нұқыңыз, сосын (тек Windows XP үшін) элементті нұқыңыз.

## Басып шығару

### Windows жүйесіне арналған принтер сипаттарына қатынасу

- **Windows 8 және Server 2012:**  
**Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер) charm** (шебер түйме), содан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **Devices and Printers (Құрылғылар және принтерлер)** тармағын таңдаңыз. Өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз немесе өнімді басып тұрыңыз, сөйтіп **Printing preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
- **Windows 7 және Server 2008 R2:**  
 Бастау түймешігін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдап, одан кейін өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Printer properties (Принтер сипаттары)** тармағын таңдаңыз.
- **Windows Vista және Server 2008:**  
 Бастау түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)**, сосын **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **Printer (Принтер)** пәрменін таңдаңыз. Содан кейін өнімді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Properties (Сипаттар)** пәрменін таңдаңыз.
- **Windows XP және Server 2003:**  
**Start (Бастау), Control Panel (Басқару тақтасы), Printers and Other Hardware (Принтерлер және басқа жабдық),** содан кейін **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын басыңыз. Өнімді таңдаңыз, содан кейін File (Файл) мәзірінде **Properties (Сипаттар)** тармағын басыңыз.

### Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру

Төмендегі кестеде принтер драйверінің диалогтық терезесіне қатынасу әдісі сипатталған.

Диалогтық терезе	Оған кіру жолы
Page Setup (Бет параметрлері)	Қолданбаның файл мәзіріндегі <b>Page Setup (Бет параметрлері)</b> дегенді басыңыз.  <i><b>Ескертпе:</b> Қолданба түріне қарай файл мәзірінде Page Setup (Бет параметрлерін орнату) мәзірі көрінбеуі мүмкін.</i>
Print (Басып шығару)	Қолданбаның Файл мәзіріндегі <b>Print (Басып шығару)</b> пәрменін таңдаңыз.



## Басып шығару

<p>Epson Printer Utility 4</p>	<p>Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін Apple мәзірінде <b>System Preferences (Жүйе параметрлері)</b> тармағын басыңыз да, <b>Print &amp; Scan (Басып шығару және сканерлеу)</b> пәрменін басыңыз. Printers (Принтерлер) тізімінде <b>Options &amp; Supplies (Параметрлер және шығын материалдары)</b>, <b>Utility (Қызметтік бағдарлама)</b> тармағын таңдаңыз да, <b>Open Printer Utility (Принтер қызметтік бағдарламасын ашу)</b> пәрменін басыңыз.</p> <p>Mac OS X 10.6 үшін Apple мәзіріндегі <b>System Preferences (Жүйе теңшелімдері)</b>, сосын <b>Print &amp; Fax (Басу және факс арқылы жіберу)</b> түймесін басыңыз. Printers (Принтерлер) тізімінде <b>Options &amp; Supplies (Параметрлер және шығын материалдары)</b>, <b>Utility (Қызметтік бағдарлама)</b> тармағын таңдаңыз да, <b>Open Printer Utility (Принтер қызметтік бағдарламасын ашу)</b> пәрменін басыңыз.</p> <p>Mac OS X 10.5 үшін Apple мәзіріндегі <b>System Preferences (Жүйе теңшелімдері)</b>, сосын <b>Print &amp; Fax (Басу және факс арқылы жіберу)</b> түймесін басыңыз. Өнімді Printers (Принтерлер) тізімінің терезесінен таңдап, <b>Open Print Queue (Басып шығару кезегін ашу)</b> тармағын басыңыз, содан кейін <b>Utility (Қызметтік бағдарлама)</b> түймесігін басыңыз.</p>
--------------------------------	--

## Негізгі амалдар

### Негізгі басып шығару әрекеті

Компьютерден басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз. Принтер драйверінің кейбір параметрлерін өзгерте алмасаңыз, оларды әкімші құлыптаған болуы мүмкін. Көмек алу үшін әкімшіге немесе супер пайдаланушыға хабарласыңыз.

#### **Ескертпе:**

- ❑ *Осы нұсқаулықтағы экрандық суреттер үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.*
- ❑ *Басып шығарудан бұрын, қағазды дұрыстап салыңыз.*
  - ➔ *"Қағаз құндағына қағаз жүктеу" бетте 23*
  - ➔ *"Артқы қағаз фидеріне қағазды және хатқалталарды жүктеу" бетте 26*
- ❑ *Басып шығарылатын аумақ туралы білу үшін төмендегі бөлімді қараңыз.*
  - ➔ *"Басылып шығарылатын аймақ" бетте 116*
- ❑ *Орнатымдарды реттеп болғаннан кейін, бір сынақ ретіндегі көшірмені басып шығарып, жұмысты түгел басып шығарудан бұрын нәтижелерін тексеріңіз.*

### Windows жүйесіне негізгі өнім орнатымдары

1


Басып шығару қажет файлды ашыңыз.

## Басып шығару

2

Принтер параметрлеріне кіріңіз.

➔ “Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 30



3

**Main (Басты)** қойындысын басыңыз.

4

Тиісті Paper Source (Қағ. бастап. көзі) параметрін таңдаңыз.

5

Сәйкес Document Size (Құжат өлшемі) орнатымын таңдаңыз. Сонымен қатар қалаған қағаз өлшемін анықтауға болады. Мәлімет алу үшін желідегі анықтаманы қараңыз.

6

Басылып шығатын көшірме бағытын өзгерту үшін **Portrait (Адамдар)** (тік) немесе **Landscape (Пейзаж)** (кең) параметрін таңдаңыз.

**Ескертпе:**

Хатқалталарда басып шығарғанда **Landscape (Пейзаж)** параметрін таңдаңыз.

7

Сәйкес Paper Type (Қағаз түрі) орнатымын таңдаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 3 Driver (Драйвер)** қойындысын басыңыз да, **Lower Cassette (Төменгі құндақ)** ретінде **Cassette 2 (2-құндақ)** таңдаңыз.
- 4 OK** түймешігін басыңыз.

### Құндақ бөлігін алу

Орнатым процедурасын кері ретпен орындаңыз.

## Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру арқылы себебін анықтауға болады.

Басып шығару механизмінің саңылауларын компьютерден Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалана отырып немесе өнімнен түймешіктерді пайдалана отырып тексеруге болады.

---

## Windows жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1** Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2** Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3** taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен басыңыз, содан кейін **Nozzle Check (Саңылауды тексеру)** пәрменін таңдаңыз.  
Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.  
➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен"](#) бетте 31
- 4** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

## Mac OS X жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауларды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Nozzle Check (Саңылауларды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1** Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау


- 2 Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.  
➔ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 32](#)
- 4 **Nozzle Check (Саңылауларды тексеру)** белгішесін басыңыз.
- 5 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

## Басқару тақтасын пайдалану

Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Home экранынан **Menu** тармағына кіріңіз.
- 4 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.
- 5 **Print Head Nozzle Check** пәрменін таңдап, саңылауларды тексеру үлгісін басып шығару үшін СҚД экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
- 6 Төменде екі түрлі саңылауларды тексеру үлгісі берілген.  
Басып шығарылған беттің сапасы мен төменде көрсетілген үлгіні салыстырыңыз. Сынақ жолдарында бос орындар немесе сегменттер жоқ болуы сияқты басып шығару сапасының ешқандай ақаулары болмаса, басып шығару механизмінің күйі дұрыс.



Төменде көрсетілгендей басып шығарылған жолдарда сегменттер жоқ болса, бұл сия саңылаулары ластанғанын немесе басып шығару механизмі дұрыс реттелмегенін білдіруі мүмкін.



## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- ➔ [“Басып шығару механизмін тазалау” бетте 75](#)
- ➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 76](#)

## Басып шығару механизмін тазалау

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, саңылауларсияны дұрыс қамтамасыз етіп жатқандығын көрсететін басып шығару механизмін тазалау арқылы осы ақауларды жоюға болады.

Басып шығару механизмін компьютерден принтер драйверіндегі Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып немесе өнімнен түймешіктерді пайдалана отырып арқылы тазалауға болады.



### Маңызды:

*Басып шығару механизмін тазалау барысында өнімді өшірмеңіз. Механизмді тазалау аяқталмаса, басып шығару мүмкін болмайды.*

### Ескертпе:

- Басып шығару механизмін тазалау барысында алдыңғы қақпақты ашпаңыз.
- Басып шығару механизмін тазалау қажеттігін анықтау үшін алдымен *Nozzle Check* (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдаланыңыз. Бұл сияны үнемдейді.  
➔ [“Басып шығару механизмiнiң саңылауларын тексеру” бетте 73](#)
- Басып шығару механизмін тазалау барысында барлық картридждердің сиялары пайдаланылғандықтан, баспалар бұлдыр немесе түстер дұрыс емес немесе түссіз болу себебіне байланысты сапа төмен болғанда ғана басып шығару механизмін тазалаңыз.
- Сия аз қалған кезде басып шығару механизмін тазалаудың ыңғайы келмеуі мүмкін. Сия таусылған кезде механизмді тазалай алмайсыз. Алдымен тиісті сия картриджін ауыстырыңыз.
- Шамамен төрт рет осы процедураны қайталағаннан кейін баспа сапасы жақсармаса, өнімді өшіріп, шамамен алты сағат күтіңіз. Содан кейін саңылауды тексеруді қайтадан орындаңыз және қажет болса, басып шығару механизмін тазалауды қайталаңыз. Басып шығару механизмi әлi жақсармаса, *Epson* қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- Басып шығару сапасын нашарлатып алмау үшін жиі бірнеше қағаздан шығарып тұру ұсынылады.

## Windows жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

1

Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.

2

taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен нұқыңыз, содан кейін **Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау)** пәрменін таңдаңыз.

Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.

➔ [“Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен” бетте 31](#)

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 3 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

### Mac OS X жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару механизмін тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Head Cleaning (Басып шығару механизмін тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.  
➔ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 32](#)
- 3 **Head Cleaning (Басып шығару механизмін тазалау)** белгішесін басыңыз.
- 4 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

### Басқару тақтасын пайдалану

Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Home экранынан **Menu** тармағына кіріңіз.
- 3 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.
- 4 **Print Head Cleaning** пәрменін таңдаңыз.
- 5 Жалғастыру үшін СҚД экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

### Басып шығару механизмін туралау

Тік жолдардың қате тураланғанын немесе көлденең жолақтарды байқасаңыз, принтер драйверіндегі Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын немесе өнімнің түймешіктерін пайдалана отырып осы мәселені шешуге болады.

Төмендегі сәйкес бөлімді қараңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

**Ескертпе:**

*Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасының көмегімен сынақ үлгіні басып шығару кезінде басып шығаруды тоқтатпаңыз.*

---

## Windows жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына A4 өлшеміндегі қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен нұқыңыз, содан кейін **Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу)** пәрменін таңдаңыз.  
Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.  
➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен"](#) бетте 31
- 4 Басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

---

## Mac OS X жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару механизмін туралау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Print Head Alignment (Басып шығару механизмін туралау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына A4 өлшеміндегі қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.  
➔ ["Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру"](#) бетте 32
- 4 **Print Head Alignment (Басып шығару механизмін туралау)** белгішесін басыңыз.
- 5 Басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

### Басқару тақтасын пайдалану


Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Home экранынан **Menu** тармағына кіріңіз.
- 4 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.
- 5 **Print Head Alignment** опциясын таңдаңыз.
- 6 **Vertical Alignment** немесе **Horizontal Alignment** параметрін таңдаңыз да, туралау үлгісін басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**Ескертпе:**

*Егер басылатын материалдар бұлдыр болса немесе тік жолдар тураланбаған болып көрінсе, Vertical Alignment параметрін таңдаңыз. Жүйелі аралықтармен көлденең жолақтарды көрсеңіз, Horizontal Alignment параметрін таңдаңыз.*

- 7 Vertical Alignment параметрін таңдасаңыз, 1–6 топтарының әрқайсысында ең қалың үлгіні табыңыз да, үлгі нөмірін енгізіңіз.



Horizontal Alignment параметрін таңдаған болсаңыз, ең аз бөлінген және қабаттасқан үлгіні табыңыз.



- 8 Басып шығару механизмін туралауды аяқтаңыз.

## Желі қызметі параметрлерін орнату

Өніммен бірдей желіге қосылған компьютердегі, смартфондағы, планшеттегі немесе ноутбуктегі веб-шолғышты пайдаланып Epson Connect, AirPrint немесе Google Cloud Print сияқты желі қызметінің параметрлерін орнатуға болады.

Веб-шолғыштың мекенжай жолағына өнімнің IP мекенжайын енгізіп, өнімді іздеңіз.

<Мысалы>

[IPv4] <http://192.168.11.46>

[IPv6] [http://\[fe80::226:abff:feff:37cd\]/](http://[fe80::226:abff:feff:37cd]/)

**Ескертпе:**

Өнімнің IP мекенжайын өнімнің басқару тақтасында немесе желі күйі парағын басып шығару арқылы тексеруге болады.

*Menu > Network Status > Wi-Fi Status*

Өнім сәтті табылса, өнімнің веб-беті көрсетіледі. Қажет мәзірді таңдаңыз.

Сондай-ақ, бұл веб-бет өнімнің күйін тексеруге және өнімнің микробағдарламасын жаңартуға мүмкіндік береді.

## Өнімді басып шығару мақсатында ортақтасу

Желідегі басқа компьютерлер ортақ пайдалануы үшін принтерді реттеуге болады. Принтерге тікелей қосылған компьютер сервер ретінде қызмет етеді. Желідегі басқа компьютерлер серверге қатынасады және принтерді ортақ пайдаланады. Қосымша мәліметтер алу үшін компьютердің анықтамасын қараңыз. Принтерді желі арқылы пайдаланыңыз келсе, Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқауды қараңыз.

## Өнімді тазалау

### Өнімнің сыртын тазалау

Өнімнің ең жақсы күйде жұмыс жасауы үшін оны келесі нұсқауларды пайдаланып жылына бірнеше рет мұқият тазалаңыз.



**Маңызды:**

Өнімді тазалау үшін ешқашан алкогольді немесе сұйылтқышты пайдаланбаңыз. Бұл химикаттар өнімді зақымдауы мүмкін.

**Ескертпе:**

Өнімді шаңнан қорғау үшін өнімді пайдаланбаған кезде артқы қағаз фидерін және шығыс науаны жабыңыз.

### Өнімнің ішін тазалау

Егер басылған материалдарда сия дақтары болса, өнім ішіндегі роликті тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



**Абай болыңыз:**

Өнімнің ішіндегі бөлшектерді ұстамауға тырысыңыз.



**Маңызды:**

- Электронды құрамдас бөліктеріне су тигізіп алмауға тырысыңыз.
- Өнімнің ішкі жағына майлағыш майларды бүрікпеңіз.
- Сәйкес келмейтін майлар механизмді зақымдауы мүмкін. Майлағыш май қажет болса, дилерге немесе білікті қызмет көрсету маманынан хабарласыңыз.

1

Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.



## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 2** 1-ші қағаз құндағына бірнеше А4 өлшемді кәдімгі қағаз парағын жүктеңіз.  
➔ [“Қағаз құндағына қағаз жүктеу” бетте 23](#)

**Ескертпе:**

Егер қағазды беруде мәселелер болып жатса және Epson түпнұсқалық парағымен бірге келген тазалау парағы бар болса, артқы қағаз фидеріне кәдімгі қағаздың орнына тазалау парағын жүктеңіз.

- 3** Home экранынан **Menu** тармағына кіріңіз.

- 4** **Maintenance, Paper Guide Cleaning** тармағын таңдаңыз да, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

**Ескертпе:**

Егер басылған материалдарда әлі де дақтар болса, басқа қағаз көзіне А4 өлшемді кәдімгі қағазды жүктеңіз де, 3 және 4 қадамдарын қайталаңыз.

## Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру

### Пайдаланылған сияға арналған қорап күйін тексеру

Пайдаланылған сияға арналған қораптың күйі сия картриджі күйімен бірдей экранда көрсетіледі. Күйді принтер бағдарламалық жасақтамасынан немесе басқару тақтасынан тексеруге болады.

➔ [“Сия картриджі күйін тексеру” бетте 61](#)

### Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырмас бұрын осы бөлімдегі нұсқаулардың барлығын оқыңыз.

- Epson компаниясы түпнұсқалық Epson пайдаланылған сияға арналған қорабын пайдалануды ұсынады. Түпнұсқалық емес пайдаланылған сияға арналған қорапты пайдалану Epson кепілдіктерімен қамтылмаған зиянды тудырып, белгілі бір жағдайларды принтердің дұрыс емес жұмысын тудыруы мүмкін. Epson компаниясы түпнұсқалық емес пайдаланылған сияға арналған қораптың сапасына немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды.
- Пайдаланылған сияға арналған қорапты бөлшектемеңіз.
- Пайдаланылған сияға арналған қораптың бүйіріндегі жасыл чипке тимеңіз.
- Балалар жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Пайдаланылған сияға арналған қорапты жабдықталған пластик сөмкесіне салынбайынша еңкейтпеңіз.
- Шығарылған және ұзақ уақытқа ажыратып алынған пайдаланылған сияға арналған қорапты қайта пайдаланбаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- ❑ Пайдаланылған сияға арналған қорапты тік күн сәулелерінен алшақ ұстаңыз.
- ❑ Кейбір басып шығару циклдарында пайдаланылған сияға арналған қорапта артық сияның өте шағын мөлшері жиналуы мүмкін. Пайдаланылған сияға арналған қораптан сияның ағуын болдырмау үшін өнім пайдаланылған сия қорабының сіңіру сыйымдылығы шегіне жеткенде басып шығару тоқтатылатындай жасалған. Ауыстыру және қаншалықты жиі ауыстыру қажеттілігі басып шығарған беттер санына, басып шығаратын материал түріне және өнімнің өзі орындайтын тазалау циклдарының санына қарай өзгеріп тұрады. Сұралғанда пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырыңыз. Epson Status Monitor, СКД немесе басқару тақтасындағы шамдар осы бөлікті ауыстыру керек болған кезде хабарлайды. Қорапты ауыстыру қажеттілігі өнімнің өзінің техникалық сипаттамаларына сай жұмыс жасауын тоқтатқанын білдірмейді. Epson кепілдігі осы ауыстыру шығынын қамтымайды. Бұл пайдаланушы қызмет көрсете алатын бөлшек.

---

## Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру


Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Өнімнің сияны төкпейтініне көз жеткізіңіз.
- 2 Алмастыруға арналған пайдаланылған сияға арналған қорапты орамасынан шығарыңыз.


**Ескертпе:**

*Қорап бүйіріндегі жасыл чипті түртпеңіз. Олай ету қалыпты жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін.*

- 3 Бір уақытта артқы бөліктің бір жағындағы түймешіктерді басыңыз да, бөлікті тартып шығарыңыз.



- 4 Қолды пайдаланылған сия қорабының тұтқасына қойыңыз да, қорапты сыртқа тартыңыз.




## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

**Ескертпе:**

Сия қолдарыңызға тисе, оларды сабынмен және сумен мұқият жуыңыз. Сия көздеріңізге тиіп кетсе, оларды бірден сумен шайыңыз.

5

Пайдаланылған сияға арналған қолданылған қорапты ауыстыру қорабымен қамтамасыз етілген пластик сөмкеге салып, оны дұрыстап лақтырыңыз.




**Ескертпе:**

Пайдаланылған сияға арналған қорапты пластик сөмкесіне салынбайынша еңкейтпеңіз.


6

Жаңа пайдаланылған сия қорабын барғанынша салыңыз.



7

Бір уақытта артқы бөліктің бір бүйіріндегі түймешіті басыңыз да, бөлікті қайта бекітіңіз.



8

Басқару тақтасында **OK** түймешігін басыңыз.

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру аяқталды.

## Өнімді тасымалдау

Өнімді белгілі бір қашықтыққа қозғасаңыз, оны тасымалдау үшін бастапқы қорабына немесе дәл сондай өлшемі бар басқа біреуіне салып, дайындау қажет.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

### **!** *Маңызды:*

- Өнімді сақтаған немесе тасымалдаған кезде, оны қисайтпаңыз, тігінен қоймаңыз немесе төңкермеңіз; әйтпесе сиясы ағып кетуі мүмкін.
- Сия картридждерін орнатылған күйде қалдырыңыз. Картридждер шығарылып тасталған кезде басып шығару механизмі кеуіп, құрылғының басып шығаруына кедергі болуы мүмкін.

- 1** Өнімнің өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.
- 2** Қуат сымын розеткадан суырыңыз және өнімнен барлық басқа кабельдерді ажыратыңыз.
- 3** Артқы қағаз фидерінен барлық қағазды алып тастаңыз.
- 4** Артқы қағаз фидерін және шығыс науаны жабыңыз.
- 5** Қағаз құндағынан барлық қағаздарды шығарып, құндақты өнімге қайта салыңыз.
- 6** Бірге келген қорғағыш материалдарды пайдаланып, өнімді өз қорабына қайта жинаңыз.

### *Ескертпе:*

*Тасымалдау кезінде өнімді түзу ұстаңыз.*

## Бағдарламаны тексеру және орнату

### Компьютерде орнатылған бағдарламаны тексеру

Осы Пайдаланушы нұсқаулығы сипатталған функцияларды пайдалану үшін келесі бағдарламаны орнату қажет.

- Epson Driver and Utilities (Epson драйвері мен утилиталары)

Бағдарламаның компьютерде орнатылғанын тексеру үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз.

### Windows жүйесі үшін

- 1** **Windows 8 және Server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер) charm** (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

**Windows 7, Vista және Server 2008:** Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

**Windows XP және Server 2003:** Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 2 Windows 8, Windows 7, Vista, Server 2012 және Server 2008: Programs** (Бағдарламалар) санатынан **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** пәрменін таңдаңыз.

**Windows XP: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою)** белгішесін екі рет басыңыз.

**Windows Server 2003: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою)** белгішесін нұқыңыз.

- 3** Ағымдағы орнатылған бағдарламалардың тізімін қараңыз.

## Mac OS X жүйесі үшін

- 1 Macintosh HD** белгісін екі рет нұқыңыз.

- 2** Applications (Қолданбалар) қалтасындағы **Epson Software** қалтасын екі рет басыңыз және ішіндегілерді тексеріңіз.

### **Ескертпе:**

- Applications (Қолданбалар) қалтасы үшінші тараптар ұсынған бағдарламаны қамтиды.*
- Принтер драйверінің орнатылғанын тексеру үшін Apple мәзірінде **System Preferences (Жүйе параметрлері)** тармағын басыңыз, содан кейін **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін) тармағын басыңыз. Содан соң өнімді *Printers (Принтер) тізімінің терезесінен тауып алыңыз.**

---

## Бағдарламаны орнату

Өніммен бірге келген өнім бағдарламасының дискін салып, Software Select (Бағдарламалық жабдықтаманы таңдау) экранынан орнатқыңыз келетін бағдарламаны таңдаңыз.

Mac OS X амалдық жүйесін қолданып жатсаңыз немесе компьютерде CD/DVD дискіенгізгісі болмаса, бағдарламалық құралды жүктеп, орнату үшін келесі Epson веб-сайтына өтіңіз.  
<http://support.epson.net/setupnavi/>

## PostScript принтер драйверін орнату

Бұл драйвер тек WF-5190 сериясы үшін қол жетімді.

## Жүйе талаптары

### Принтер жабдығының талаптары

	Ұсынылған
Жад	Стандартты + 128 МБ (Fine (Анық) сапасымен кескін деректерін екі жақты басып шығару үшін)

### Компьютер жүйесінің талаптары

→ “Жүйе талаптары” бетте 114

**Ескертпе:**

Желілік қосылым үшін екілік деректерді пайдалансаңыз, басқару тақтасындағы PS3 Menu тармағында *Vinagu* параметрін **On** күйіне орнату керек. Егер принтерді жергілікті қосылыммен пайдалансаңыз, екілік деректерді пайдалану мүмкін емес.

## Windows жүйесінде PostScript принтер драйверін орнату

PostScript режимінде басып шығару үшін принтер драйверін орнату керек.

### USB интерфейсі үшін

**Ескертпе:**

- Windows үшін принтер бағдарламасын орнату әкімші артықшылықтарын қажет етуі мүмкін. Егер мәселелер босла, әкімшіден қосымша ақпарат сұраңыз.
- Принтер бағдарламасын орнатпай тұрып бүкіл вирустардан қорғау бағдарламаларын өшіріңіз.

1

Принтер өшкенін тексеріңіз. Принтердің Software Disc дискісін CD/DVD дискіенгізгісіне салыңыз.

**Ескертпе:**

Егер компьютерде CD/DVD дискіенгізгісі болмаса, драйверді Epson веб-сайтынан жүктеңіз.  
<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)  
<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

2

Егер принтер USB интерфейсіне қосылған болса, компьютерді принтерге USB кабелімен қосыңыз, содан кейін принтерді қосыңыз.

**Windows Vista пайдаланушылары үшін ескертпе:**

Windows драйвері немесе Adobe PS драйвері болмаса, дисплей Found New Hardware (Жаңа жабдық табылды) хабарын көрсетеді. Бұл жағдайда **Ask me again later (Менен кейінірек сұрау)** пәрменін басыңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 3** **Windows 8** және **Server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер)** charm (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз. **View devices and printers (Құрылғыларды және принтерлерді көру)** тармағын басып, содан кейін **Add a printer (Принтерді қосу)** түймешігін басыңыз.  
**Windows 7:** Start (Бастау) түймешігін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар және принтерлер)** тармағын таңдаңыз да, **Add a printer (Принтерді қосу)** түймешігін басыңыз.  
**Windows Vista, Windows XP, Server 2008: Start (Бастау)** түймешігін басыңыз, **Printer and Faxes (Принтер және факстар)** тармағына нұсқаңыз, Printer Tasks (Принтер тапсырмалары) мәзірінде **Add a printer (Принтерді қосу)** пәрменін басыңыз.  
**Windows Server 2003: Start (Бастау)** түймешігін басыңыз, **Settings (Параметрлер)** тармағына нұсқаңыз, сөйтіп **Printers (Принтерлер)** тармағын басыңыз. Содан кейін **Add Printer (Принтерді қосу)** белгішесін екі рет басыңыз.
- 4** Add Printer Wizard (Басып шығарғыш орнату шебері) терезесі пайда болады. Содан кейін **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.
- 5** **Local printer (Жергілікті принтер)** параметрін таңдаңыз да, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

**Ескертпе:**

**Automatically detect and install my Plug and Play printer (Plug and Play принтерін автоматты түрде анықтау және орнату)** құсбелгісін қоймаңыз.

- 6** Егер принтер USB интерфейсіне қосылған болса, **USB** параметрін таңдаңыз да, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.
- 7** **Have Disk (Диск бар)** пәрменін басып, Software Disc үшін келесі жолды көрсетіңіз. CD/DVD дискіенгізгісі D: болса, жол D:\Driver\PostScript\epsnt.inf болады. Содан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

**Ескертпе:**

Жүйеңіз үшін дискіенгізгі әрпін қажетінше өзгертіңіз.

- 8** Принтерді таңдаңыз да, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.
- 9** Орнатудың қалған бөлігі үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 10** Орнату аяқталғанда **Finish (Дайын)** түймешігін басыңыз.

## Желі интерфейсі үшін

**Ескертпе:**

- Принтер драйверін орнатпай тұрып желі параметрлерін орнатыңыз. Мәліметтерді "Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау" ішінен қараңыз.
- Принтер бағдарламасын орнатпай тұрып бүкіл вирустардан қорғау бағдарламаларын өшіріңіз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 1 Принтер қосулы екенін тексеріңіз. Принтердің Software Disc дискісін CD/DVD дискіенгізгісіне салыңыз.

**Ескертпе:**

Егер компьютерде CD/DVD дискіенгізгісі болмаса, драйверді Epson веб-сайтынан жүктеңіз.

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

- 2 **Windows 8** және **Server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер)** charm (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз. **View devices and printers (Құрылғыларды және принтерлерді көру)** тармағын басып, содан кейін **Add a printer (Принтерді қосу)** түймешігін басыңыз.  
**Windows 7:** Start (Бастау) түймешігін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар және принтерлер)** тармағын таңдаңыз да, **Add a printer (Принтерді қосу)** түймешігін басыңыз.  
**Windows Vista, Windows XP, Server 2008:** Start (Бастау) түймешігін басыңыз, **Printer and Faxes (Принтер және факстар)** тармағына нұсқаңыз, Printer Tasks (Принтер тапсырмалары) мәзірінде **Add a printer (Принтерді қосу)** пәрменін басыңыз.  
**Windows Server 2003:** Start (Бастау) түймешігін басыңыз, **Settings (Параметрлер)** тармағына нұсқаңыз, сөйтіп **Printers (Принтерлер)** тармағын басыңыз. Содан кейін **Add Printer (Принтерді қосу)** белгішесін екі рет басыңыз.

- 3 Add Printer Wizard (Басып шығарғыш орнату шебері) терезесі пайда болады. Содан кейін **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

- 4 **Local printer (Жергілікті принтер)** параметрін таңдаңыз да, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

**Ескертпе:**

**Automatically detect and install my Plug and Play printer (Plug and Play принтерін автоматты түрде анықтау және орнату)** құсбелгісін қоймаңыз.

- 5 Ашылмалы тізімнен **Create a new port check box and select Standard TCP/IP Port (Жаңа порт құсбелгісін жасау және стандартты TCP/IP портын таңдау)** пәрменін таңдаңыз. **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

- 6 **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

- 7 IP мекенжайын және порт атауын көрсетіңіз де, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

- 8 **Finish (Дайын)** түймешігін басыңыз.

- 9 Add Printer Wizard (Принтерді қосу шебері) ішінде **Have Disk (Диск бар)** пәрменін басып, Software Disc үшін келесі жолды көрсетіңіз. CD/DVD дискіенгізгісі D: болса, жол D:\Driver\PostScript\epsnt.inf болады. Содан кейін **OK** түймешігін басыңыз.

**Ескертпе:**

Жүйеңіз үшін дискіенгізгі әрпін қажетінше өзгертіңіз.



## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 10 Принтерді таңдаңыз да, **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.
- 11 Орнатудың қалған бөлігі үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 12 Орнату аяқталғанда **Finish (Дайын)** түймешігін басыңыз.

---

## Mac OS X жүйесінде PostScript принтер драйверін орнату

### Post Script принтер драйверін орнату

Драйверді жүктеу және орнату үшін келесі Epson қолдау веб-сайтына өтіңіз.

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

### Принтерді таңдау

PostScript 3 принтер драйверін орнатқаннан кейін принтерді таңдау керек.

#### **Ескертпе:**

- Принтер USB, IP басып шығару немесе Bonjour пайдаланып қосылған болса, орнатылған опциялар үшін параметрлерді қолмен орнату керек.
- Қолданбада деректер пішімі ретінде ASCII көрсетіңіз.

- 1 System Preferences (Жүйе параметрлері) тармағын ашыңыз да, Print & Fax (Басып шығару және факс) (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)) белгішесін екі рет басыңыз.  
Print & Fax (Басып шығару және факс) (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)) терезесі пайда болады.
- 2 Printers (Принтерлер) терезесінде + қосу түймешігін басыңыз.
- 3 Принтер атаулары тізімінен пайдаланып жатқан принтер атауын таңдаңыз.

#### **Ескертпе:**

*Егер принтеріңіз тізімде болмаса, оның компьютерге дұрыс қосылғанын және принтер қосулы екенін тексеріңіз.*

- 4 **Add (Қосу)** түймешігін басыңыз.
- 5 Принтердің аты Printers (Принтерлер) тізіміне қосылғанына көз жеткізіңіз. Содан кейін **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)**) тармағынан шығыңыз.

# Epson Universal P6 принтер драйверін орнату (тек Windows үшін)

**Ескертпе:**

Бұл драйвер тек WF-5190 сериясы үшін қол жетімді.

Epson Universal P6 принтер драйвері — келесі мүмкіндіктері бар әмбебап PCL6 үйлесімді басып шығару драйвері:

- ❑ Ол іскери жағдайлар үшін қажет негізгі басып шығару функцияларын қолдайды.
- ❑ Ол осы принтерге қоса бірнеше Epson іскери принтерін қолдайды.
- ❑ Ол осы принтерге арналған басып шығару драйверлеріне қоса тілдердің көпшілігін қолдайды.

---

## Компьютер жүйесінің талаптары

Windows жүйесінің талаптарын төменде қараңыз.

➔ [“Windows жүйесі үшін” бетте 114](#)

---

## Принтер драйверін орнату

1

Принтердің бағдарлама дискісін компьютердің CD/DVD дискіенгізгісіне салыңыз.

**Ескертпе:**

Егер компьютерде CD/DVD дискіенгізгісі болмаса, драйверді Epson веб-сайтынан жүктеңіз, содан кейін орнатыңыз.

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

2

Егер CD/DVD дискіенгізгіңіз D: болса, 32 биттік Windows операциялық жүйесі үшін **D:\Driver\PCLUniversal\Win32\** тармағында **EP\_P6x86.exe** бағдарламасын екі рет басыңыз немесе 64 биттік Windows операциялық жүйесі үшін **D:\Driver\PCLUniversal\Win64\** тармағында **EP\_P6x64.exe** бағдарламасын басыңыз.

**Ескертпе:**

Жүйеңіз үшін дискіенгізгі әрпін қажетінше өзгертіңіз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Орнату аяқталғаннан кейін параметрлерді реттеу үшін принтердің **Properties (Сипаттар)** және тиісті принтер драйверінің параметрлерін орнату үшін **Printing Preferences (Басып шығару параметрлері)** тармақтарына кіріңіз.

Принтер драйверінің желілік анықтамасы принтер драйверінің параметрлері туралы мәліметтерді береді.

## Бағдарламаны жою

Кейбір ақауларды шешу үшін немесе операциялық жүйені жаңартып жатсаңыз, бағдарламаны жойып, қайта орнату қажет болуы мүмкін.

Қандай қолданбалардың орнатылғанын анықтау үшін келесі бөлімді қараңыз.

➔ [“Компьютерде орнатылған бағдарламаны тексеру” бетте 84](#)

---

## Windows жүйесі үшін

### **Ескертпе:**

- Windows 8, 7, Vista, Server 2012 және Server 2008 үшін стандартты пайдаланушы ретінде кірсеңіз, әкімші тіркелгісі және құпия сөз қажет.*
- Windows XP және Server 2003 жүйесі үшін Computer Administrator (Компьютер әкімшісі) тіркелгісіне кіруіңіз керек.*

**1** Өнімді өшіріңіз.

**2** Өнімнің интерфейс кабелін компьютерден ажыратыңыз.

**3** Келесінің біреуін орындаңыз.

**Windows 8 және server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер) charm (шебер түйме) және Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

**Windows 7, Vista, және Server 2008:** Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

**Windows XP және Server 2003: Start (Бастау)** түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

**4** Келесінің біреуін орындаңыз.

**Windows 8, Windows 7, Vista, Server 2012 және Server 2008:** Programs (Бағдарламалар) санатынан **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** пәрменін таңдаңыз.

**Windows XP: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою)** белгішесін екі рет басыңыз.

**Windows Server 2003: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою)** белгішесін нұқыңыз.

**5** Өнім драйвері және көрсетілген тізімнің қолданбасы сияқты жою қажет бағдарламаны таңдаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

**6** Келесінің біреуін орындаңыз.

**Windows 8, Windows 7, Server 2012 және Server 2008: Uninstall/Change (Жою/ өзгерту)** немесе **Uninstall (Жою)** пәрменін таңдаңыз.

**Windows Vista: Uninstall/Change (Жою/Өзгерту)** немесе **Uninstall (Жою)** түймешігін басып, User Account Control (Пайдаланушылар тіркелгілерін басқару) терезесінен **Continue (Жалғастыру)** пәрменін таңдаңыз.

**Windows XP және Server 2003: Change/Remove (Өзгерту/жою)** немесе **Remove (Жою)** түймешігін басыңыз.

**Ескертпе:**

Өнімнің принтер драйверін 5-қадамнан жоюды таңдасаңыз, өнімнің белгішесін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.

**7** Растау терезесі пайда болғанда **Yes (Иә)** немесе **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

**8** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Кейбір жағдайларда компьютерді қайта қосуды сұрайтын хабар пайда болуы мүмкін. Солай болса, **I want to restart my computer now (Мен компьютерімді дәл қазір сөндіріп, қайта қосқым келеді)** параметрінің таңдалғанын тексеріп **Finish (Дайын)** түймешігін басыңыз.

---

## Mac OS X жүйесі үшін

**Ескертпе:**

- Бағдарламаны жою үшін Uninstaller бағдарламасын жүктеу керек.  
Мына сатқа кіріңіз:  
<http://www.epson.com>  
Сосын жергілікті Epson веб сайтының қолдау көрсету бөлімін таңдаңыз.
- Қолданбаларды жою үшін Computer Administrator (Компьютер әкімшісі) тіркелгісіне кіру қажет. Шектеулі тіркелгі қолданушысы ретінде кірсеңіз, бағдарламаларды алып тастай алмайсыз.
- Қолданба түріне қарай, Installer бағдарламасы Uninstaller бағдарламасынан бөлек болуы мүмкін.

**1** Барлық қосулы қолданбаларды жабыңыз.

**2** Mac OS X қатты дискісінде **Uninstaller** белгішесін екі рет басыңыз.

**3** Көрсетілген тізімде жою керек бағдарламалардың, мысалы, принтер драйверінің және қолданбаның, құсбелгілерін қойыңыз.

**4** **Uninstall** түймесін басыңыз.

**5** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Алып тастағыңыз келетін бағдарламаны Uninstaller терезесінен таба алмасаңыз, Mac OS X қатты дискіндегі **Applications (Бағдарламалар)** қалтасын екі рет нұқып, алып тастағыңыз келетін қолданбаны таңдаңыз, сосын оны **Trash (Қоқыс)** белгішесіне сүйреңіз.

**Ескертпе:**

*Принтер драйверін жойсаңыз және өнім атауы Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу) (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе Print & Fax (Басып шығару және факс) (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін) терезесінде қалса, өнім атауын таңдаңыз және — **remove (жою)** түймешігін басыңыз.*

# Қате көрсеткіштері

## Басқару тақтасындағы қате туралы хабарлар

Бұл бөлімде СҚД экранында көрсетілген хабарлардың мағынасы сипатталады.

Хабарлар	Шешімдер
Қағаз кептелісі	➔ <a href="#">"Қағаз кептелістері" бетте 99</a>
Printer Error	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Өнімде ешқандай қағаз қалмағанын тексеріңіз. Әлі де қате болса, Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
Maintenance Box is at the end of its service life. You need to replace it.	Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырыңыз. ➔ <a href="#">"Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру" бетте 81</a>
Invalid IP address and subnet mask.	Желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқауды қараңыз.
Memory Full	Баспа тапсырмасының өлшемін азайтыңыз.
Recovery Mode	Микробағдарламаны жаңарту орындалмады. Микробағдарламаны жаңартуды әрекетін қайталау қажет болуы мүмкін. USB кабелін дайындаңыз және қосымша нұсқаулар алу үшін жергілікті Epson веб-сайтына кіріңіз. ➔ <a href="#">"Анықтама алу көздері" бетте 132</a>

---

# Басып шығару ақаулықтарын жою

---

## Мәселені анықтау

Өнім ақаулықтарын жою екі қадаммен ең жақсы орындалады: алдымен ақауды диагностикалаңыз, содан кейін ақау жойылғанша дұрыс деген шешімдерді қолданыңыз.

Диагностикалау қажет ақпаратты және ең жиі ұшырасатын ақаулардың шешімін желілік ақауды жою қызметі, басқару тақтасы немесе күй мониторы арқылы алуға болады. Төмендегі сәйкес бөлімді қараңыз.

Басып шығару сапасына қатысты белгілі бір ақау, басып шығару сапасына қатысы жоқ басып шығару ақауы немесе қағазды беру ақауы бар болса немесе өнім тіптен басып шығармайтын болса, сәйкес бөлімді қараңыз.

Ақауды шешу үшін басып шығару әрекетін тоқтату қажет болуы мүмкін.

➔ ["Басып шығаруды тоқтату" бетте 37](#)

## Басып шығару ақаулықтарын жою

### Өнім күйін тексеру

Ақау басып шығару барысында орын алса, күй мониторының терезесінде қате туралы хабар пайда болады.


Сия картриджін немесе пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру қажет болса, терезедегі How To түймешігін басып, күй мониторы картриджді немесе пайдаланылған сияға арналған қорапты алмастыру қадамдарынан өткізеді.

### Windows жүйесі үшін

EPSON Status Monitor 3 қатынасудың екі жолы бар:

- ❑ Windows тапсырмалар жолағындағы өнімнің таңбаша белгішесін екі рет басыңыз. Тапсырмалар жолағына таңбаша белгішесін қосу үшін келесі бөлімді қараңыз:
  - ➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен"](#) бетте 31
- ❑ Принтер драйверін ашып, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **EPSON Status Monitor 3** түймешігін нұқыңыз.

EPSON Status Monitor 3 қатынасқан кезде, келесі терезе пайда болады:



#### **Ескертпе:**

- ❑ EPSON Status Monitor 3 пайда болмаса, принтер драйверіне кіріп, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** түймешігін нұқыңыз. **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** терезесіндегі **Enable EPSON Status Monitor 3 (EPSON Status Monitor 3 қосу)** ұяшығына белгі қойыңыз.
- ❑ Ағымдағы параметрлерге сәйкес жеңілдетілген күй мониторы көрсетілуі мүмкін. Жоғарыдағы терезені көру үшін **Details (Толығырақ)** түймешігін басыңыз.



## Басып шығару ақаулықтарын жою

EPSON Status Monitor 3 келесі ақпаратты береді:

- ❑ **Ағымдағы күй:**  
Егер сия деңгейі төмен/таусылған болса немесе пайдаланылған сияға арналман қорап толуға жақын/толған болса, **How to (Қалай)** түймесі EPSON Status Monitor 3 терезесінде көрінеді. **How to (Қалай)** түймесін басқан кезде сия картриджін немесе пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру туралы нұсқаулар көрсетіледі.
- ❑ **Ink Levels (Сия деңгейлері):**  
EPSON Status Monitor 3 терезесі сия картриджі күйінің графикалық дисплейін көрсетеді.
- ❑ **Information (Ақпарат):**  
**Information (Ақпарат)** түймешігін басу арқылы орнатылған сия картридждері туралы ақпаратты көре аласыз.
- ❑ **Maintenance Box Service Life (Пайдаланылған сия ыдысының жарамды мерзімі):**  
EPSON Status Monitor 3 пайдаланылған сияға арналған қорап күйінің графикалық дисплейін көрсетеді.
- ❑ **Technical Support (Техникалық қолдау):**  
Epson техникалық қолдау веб-сайтына кіру үшін **Technical Support (Техникалық қолдау)** пәрменін басыңыз.
- ❑ **Print Queue (Бас. шығ-у кезегі):**  
Windows Spooler (Windows Спулер) драйверін **Print Queue (Бас. шығ-у кезегі)** түймесін басып қарауға болады.

## Mac OS X жүйесі үшін

EPSON Status Monitor (EPSON күйінің монитору) кіру үшін осы қадамдарды орындаңыз.

- 1 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.  
➔ ["Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру" бетте 32](#)

## Басып шығару ақаулықтарын жою


- 2** **EPSON Status Monitor (EPSON күйінің монитору)** белгішесін басыңыз. EPSON Status Monitor (EPSON күйінің монитору) пайда болады.



Осы қызметтік бағдарламаны басып шығару алдында сия картриджінің күйін тексеру үшін де пайдалана аласыз. EPSON Status Monitor (EPSON күйінің монитору) терезесі ашылғанда сол мезеттегі сия картриджі күйін көрсетеді. Сия картриджі күйін жаңарту үшін **Update (Жаңарту)** түймешігін басыңыз.

## Басып шығару ақаулықтарын жою

Егер сия деңгейі төмен/таусылған болса немесе пайдаланылған сияға арналған қорап толуға жақын/толған болса, **How to (Әдіс)** түймесі пайда болады. **How to (Әдіс)** түймесін басыңыз, сонда EPSON Status Monitor (EPSON күйінің монитору) сия картриджін немесе пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру процедурасы арқылы қадамдап өткізеді.



## Қағаз кептелістері



### **Абай болыңыз:**


*Қолыңыз өнім ішінде тұрған кезде басқару тақтасында түймешіктерді ешқашан баспаңыз.*

### **Ескертпе:**


- СҚД экранынан немесе принтер драйверінен хабар шыға келсе, басып шығару жұмысын тоқтатыңыз.
- Кептелген қағазды алып тастағаннан кейін СҚД экранында көрсетілген түймешікті басыңыз.

## Кептелген қағазды артқы бөліктен шығару


- 1 Бір уақытта артқы бөліктің бір жағындағы түймешіктерді басыңыз да, бөлікті тартып шығарыңыз.




- 2 Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.



- 3 Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.




- 4 Бір уақытта артқы бөліктің бір бүйіріндегі түймешіті басыңыз да, бөлікті қайта бекітіңіз.




---

## Кептелген қағазды алдыңғы қақпақтан және шығыс науадан алып тастаңыз

- 1 Алдыңғы қақпақты ашыңыз.



- 2 Ішіндегі барлық қағазды, жыртылған қағаздармен қоса, алып тастаңыз.




- 3 Алдыңғы қақпақты жабыңыз. Кептелген қағаз шығыс науасының жанында қалса, қағазды мұқият шығарып алыңыз.

---


## Кептелген қағазды қағаз құндағынан шығару

- 1 Қағаз құндағын шығарыңыз.




## Басып шығару ақаулықтарын жою

- 2** Принтердің ішінде кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.



- 3** Қағазды қағаз құндағына қайта салыңыз.  
➔ [“Қағаз құндағына қағаз жүктеу” бетте 23](#)

- 4** Құндақты жатқызып принтерге абайлап және баяу қайта салыңыз.



---

## Қағаз кептелістерінің алдын алу

Қағаз жиі кептетіліп қалатын болса, келесіні тексеріңіз.

- Қағаздың түзу екенін, оралып немесе жиырылып қалмағанын.
- Жоғары сапалы қағаз пайдаланылып жатқанын.
- Қағаз құндағындағы қағаздың басылатын жағы жоғары қарап тұрғанын.
- Қағаздың басылатын жағы артқы қағаз беріс механизмінде жоғары қарап тұрғанын.
- Салудан бұрын бума қағаздың желпінтіліп, қағылғанын.
- Кәдімгі қағазға келсек, қағазды жиектік бағыттағыштың ішіндегі ▼ көрсеткі таңбасының дәл астындағы сызықтан асыра салмаңыз.  
Epson арнайы ақпарат тасығыштары үшін парақтар санының ақпарат тасығыш үшін бекітілген шектен аз екеніне көз жеткізіңіз.  
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 19](#)
- Шеткі бағыттағыштар қағаздың шетіне қарсы ыңғайлы орналасқан.
- Өнім барлық бағытта біршама қашықтыққа созылып жатқан түзу, әрі орнықты жерге қойылған. Өнім қисайтылса дұрыс жұмыс жасамайды.

## Қағаз кептелгеннен кейін қайта басу (тек Windows жүйесі үшін)

Қағаз кептелгендіктен басып шығару жұмысын тоқтатқан соң, бұрын басып шығарылған беттерді қайта баспай оны басып шағыруға болады.

- 1 Қағаз кептелісі мәселесін шешіңіз.  
➔ ["Қағаз кептелістері" бетте 99](#)
- 2 Принтер параметрлеріне кіріңіз.  
➔ ["Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру" бетте 30](#)
- 3 Принтер драйверінің Main (Басты) терезесіндегі **Print Preview (Басу алдын ала қарау)** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.
- 4 Басып шығару үшін пайдалану қажет параметрлерді жасаңыз.
- 5 Принтер параметрлері терезесін жабу үшін **OK** түймешігін басып, файлды басып шығарыңыз. Print Preview (Басу алдын ала қарау) терезесі ашылады.
- 6 Сол жақтағы беттер тізімінің терезесінде бұрын басып шығарылған бетті таңдап, Print Options (Басу шығару опциялары) мәзірінен **Remove Page (Бетті жою)** пәрменін таңдаңыз. Бұрынбасып шығарылған барлық беттер үшін осы қадамды қайталаңыз.
- 7 Print Preview (Басу алдын ала қарау) терезесіндегі **Print (Бас. шығ-у)** пәрменін таңдаңыз.

## Баспа сапасы туралы анықтама

Басып шығару сапасына қатысты ақаулар бар болса, оларды төмендегі суреттермен салыстырыңыз. Басылып шыққан қағазға дәлірек ұқсайтын сурет астындағы жазуды басыңыз.

<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>Жақсы үлгі</p>	 <p>Жақсы үлгі</p>
<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>➔ <a href="#">"Көлденең жолақтану" бетте 104</a></p>	<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>➔ <a href="#">"Тік жолақтану немесе сәйкессіздік" бетте 104</a></p>

## Басып шығару ақаулықтарын жою

	
➔ "Көлденең жолақтану" бетте 104	➔ "Тік жолақтану немесе сәйкессіздік" бетте 104
	
➔ "Дұрыс емес түстер немесе түссіз" бетте 105	➔ "Бұлдыраңқы немесе бояуы жағылып басылып шыққан қағаз" бетте 106

---

### Көлденең жолақтану

- ❑ Қағаздың басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтыраңқы жағы) артқы қағаз фидерінде жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз.
- ❑ Қағаздың басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанын тексеріңіз.
- ❑ Саңылауды тексеру қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз және саңылауларды тексеру нәтижелері нашар болған басып шығару механизмдерін тазалаңыз.
  - ➔ "Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру" бетте 73
- Егер мәселе шешілмесе, Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз.
  - ➔ "Басып шығару механизмін туралау" бетте 76
- ❑ Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін орамды ашқан күннен бастап сия картриджін алты ай ішінде пайдаланып тастаңыз.
- ❑ Түпнұсқа Epson сия картридждерін пайдалануға тырысыңыз.
- ❑ СКД мәзірінде немесе принтер драйверінде таңдалған қағаз түрі өнімде жүктелген қағаз түріне сай екенін тексеріңіз.
  - ➔ "Қағазды таңдау" бетте 19

---

### Тік жолақтану немесе сәйкессіздік

- ❑ Қағаздың басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтыраңқы жағы) артқы қағаз фидерінде жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз.
- ❑ Қағаздың басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанын тексеріңіз.



## Басып шығару ақаулықтарын жою

- ❑ Саңылауды тексеру қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз және саңылауларды тексеру нәтижелері нашар болған басып шығару механизмдерін тазалаңыз.  
➔ [“Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру” бетте 73](#)
- ❑ Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) утилитасын жегіңіз.  
➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 76](#)
- ❑ Windows жүйесінде, принтер драйверінің More Options (Қосымша опциялар) терезесіндегі **High Speed (Жоғары жылдамдық)** шаршысынан құсбелгі таңбасын алып тастаңыз. Қосымша мәліметтер алу үшін желілік анықтама бөлімін қараңыз. Mac OS X үшін High Speed Printing (Жоғары жылдамдықпен басып шығару) тармағынан **Off (Өшірулі)** күйін таңдаңыз. High Speed Printing (Жоғары жылдамдықпен басып шығару) тармағын көрсету үшін мына мәзірлер арасында басып өтіңіз: **System Preferences (Жүйе параметрлері)**, **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін), өніміңіз (Printers (Принтерлер) тізімінде), **Options & Supplies (Параметрлер және шығын материалдары)**, содан кейін **Driver (Драйвер)**.
- ❑ СКД мәзірінде немесе принтер драйверінде таңдалған қағаз түрі өнімде жүктелген қағаз түріне сай екенін тексеріңіз.  
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 19](#)
- ❑ Windows үшін принтер драйверінің Main (Басты) қойындысында Quality (Сапасы) ретінде Standard-Vivid (Стандартты қанық) таңдалған болса, оны Standard (Стандартты) деп өзгертіңіз. Mac OS X үшін принтер драйверінің Print Settings (Басып шығару параметрлері) тармағында қалқымалы мәзірден Print Quality (Баспа сапасы) ретінде Normal-Vivid (Қалыпты-жарқын) таңдаған болсаңыз, оны Normal (Қалыпты) деп өзгертіңіз.

---

## Дұрыс емес түстер немесе түссіз

- ❑ Windows жүйесі үшін принтер драйверінің Main (Басты) терезесіндегі **Grayscale (Сұр реңк)** параметрінен белгіні алып тастаңыз. Mac OS X жүйесі үшін принтер драйверіндегі Print (Басып шығару) диалогтық терезесіндегі Print Settings (Басып шығару параметрлері) тармағында **Grayscale (Сұр түс реңктері)** параметрін алып тастаңыз.
- ❑ Қолданбадаға немесе принтер драйверінің орнатымдарындағы түс орнатымдарын өзгертіңіз. Windows жүйесінде, More Options (Қосымша опциялар) терезесін тексеріңіз. Mac OS X жүйесі үшін Print (Басып шығару) диалогтық терезесінен Color Options (Түс параметрлері) диалогтық терезесіне белгі қойыңыз.
- ❑ Саңылауды тексеру қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз және саңылауларды тексеру нәтижелері нашар болған басып шығару механизмдерін тазалаңыз.  
➔ [“Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру” бетте 73](#)
- ❑ Сия картриджін жаңа ғана ауыстырған болсаңыз, қораптағы күнді тексеріңіз. Өнімді ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған болсаңыз, Epson сия картридждерін ауыстыруды ұсынамыз.  
➔ [“Сия картриджін ауыстыру” бетте 68](#)
- ❑ Түпнұсқалық Epson сия картридждерін және Epson ұсынған қағазды пайдалануға тырысыңыз.

---

## Бұлдыраңқы немесе бояуы жағылып басылып шыққан қағаз

- ❑ Түпнұсқалық Epson сия картридждерін және Epson ұсынған қағазды пайдалануға тырысыңыз.
- ❑ Өнімнің барлық бағытта біршама қашықтыққа созылып жатқан түзу, әрі орнықты жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. Өнім қисайтылса дұрыс жұмыс жасамайды.
- ❑ Қағаздың зақымданбағанына, лас немесе тым ескі еместігіне көз жеткізіңіз.
- ❑ Қағаздың құрғақ және басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтыраңқы жағы) артқы қағаз беріс механизмінде жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Қағаздың құрғақ және басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Егер қағаз басылып шығатын жағына қарай бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз.
- ❑ СКД мәзірінде немесе принтер драйверінде таңдалған қағаз түрі өнімде жүктелген қағаз түріне сай екенін тексеріңіз.
  - ➔ ["Қағазды таңдау" бетте 19](#)
- ❑ Басылып шығу барысында қағаз шығатын науадан әрбір парақты алып тұрыңыз.
- ❑ Басылып шыққан қағаздың жылтыраңқы қабаты бар жағын ұстамаңыз немесе басқа бір нәрсенің тиюіне жол бермеңіз. Басылып шыққан қағаздарды ұстау үшін қағаздың нұсқауларын орындаңыз.
- ❑ Саңылауды тексеру қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз және саңылауларды тексеру нәтижелері нашар болған басып шығару механизмдерін тазалаңыз.
  - ➔ ["Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру" бетте 73](#)
- ❑ Print Head Alignment қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз.
  - ➔ ["Басып шығару механизмін туралау" бетте 76](#)
- ❑ Өнімнің басқару тақтасынан төменде көрсетілгендей мәзірді таңдаңыз.  
Menu > Maintenance > Thick Paper > On.

Windows үшін принтер драйверінің Maintenance (Қызмет көрсету) қойындысында Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер) тармағынан **Thick paper and envelopes (Қалың қағаз және хатқалталар)** тармағын таңдаңыз.

Mac OS X 10.5.8 үшін Thick paper and envelopes (Қалың қағаз және хатқалталар) тармағынан **On (Қосулы)** күйін таңдаңыз. Thick Paper and Envelopes (Қалың қағаз және хатқалталар) тармағын көрсету үшін келесі мәзірлерде басып өтіңіз: **System Preferences (Жүйе параметрлері)**, **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін), өніміңіз (Printers (Принтерлер) тізімінде), **Options & Supplies (Параметрлер және шығын материалдары)**, содан кейін **Driver (Драйвер)**.

## Басып шығару ақаулықтарын жою

- ❑ 2 жақты басып шығаруды пайдаланып кәдімгі қағазда тығыздығы жоғары деректерді басып шығарып жатсаңыз, Print Density (Баспа тығыздығы) мәнін төмендетіңіз және Print Density Adjustment (Тығыздықты реттеуді басып шығару) терезесінде (Windows үшін) немесе принтердің Two-sided Printing Settings (Екі жақты басып шығару параметрлері) тармағында (Mac OS X үшін) ұзағырақ Increase Ink Drying Time (Сия кебу уақытын ұлғайту) мәнін таңдаңыз. Increase Ink Drying Time (Сия кебу уақытын ұлғайту) неғұрлым ұзағырақ болса, оны басып шығаруға соғұрлым көбірек уақыт кетеді.
